			<p><i>ущерб – зиян</i> (1999 жылғы 6 қазан; 2006 жылғы 27 қазан); <i>материальный ущерб – материалдық зардап</i> (2016 жылғы 7 желтоқсан); <i>убыток – зиян</i> (1981); <i>прямые убытки – тікелей шығындар</i> (1999 жылғы 9 наурыз); <i>убыток страховой – сақтандыру залалы</i> (2006 жылғы 27 қазан); <i>убытки – залалдар</i> (2006 жылғы 27 қазан); <i>убытки косвенные – жанама шығындар</i> (2015 жылғы 6 қазан); <i>зардап – последствие</i> (1999 жылғы 9 наурыз); <i>материальный ущерб – материалдық зардап</i> (2016 жылғы 7 желтоқсан); <i>тяжкие последствия – ауыр зардаптар</i> (2016 жылғы 7 желтоқсан)</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: <i>вероятность – ықтималдық</i> (іс жүргізу; заңтану, экономика); <i>ущерб – нұқсан, залал</i> (іс жүргізу); <i>ущерб – зардап, нұқсан, зиян</i> (заңтану); <i>ущерб – зиян, залал</i> (экономика)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>ущерб – залал, зиян, шығын; вероятность – ықтималдық</i></p> <p>13. Орыс тіліндегі «вероятность» қазақ тіліне «ықтималдық» сөзімен аударылады. Орыс тіліндегі «ущерб» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «залал», «зиян», «зардап» сөздерімен бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «нұқсан», «зардап», «зиян», «залал» сөздерімен, ал заңнамада «залал», «зиян», «шығын» сөздерімен аударылған. Алайда «нұқсан» сөзінің орыс тіліндегі «ущемление» сөзіне, «зиян» сөзінің «вред» сөзіне, «зардап» сөзінің «последствие» сөзіне, «шығын» сөзінің «затрата» сөзіне балама болатындығын ескерсек, орыс тіліндегі «вероятность ущерба» сөз тіркесін «залал ықтималдығы» сөз тіркесімен аударуды ұсынамыз.</p>
870.	взаимозачет	өзара есепке алу	<p>1. Екі немесе одан да көп тараптардың арасындағы ақшалай міндеттемелер мен талаптардың өзара есепке алынуы.</p> <p>Өзара I. Үстеу. 1. Бірімен-бірі; екеуара. (<i>kitap.kz</i>)</p>

			<p>Өзара есепке алу. Тұрақты тіркес. 1. қ а р ж ы т е р м и н і. Ақшалай қаражатты аудармай-ақ, субъектілер арасында есеп айырысу тәсілі. (<i>kitap.kz</i>)</p> <p>2. Әзербайжан: şəbəkə 3. Қырғыз: неттинг жөнүндө 4. Өзбек: tarmoqli 5. Түрік: ağ 6. Ағылшын: netting 7. Испан: red 8. Неміс: Netting 9. Француз: filet</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: –</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: <i>взаимозачет, зачет взаимный</i> – <i>өзара есепке алу</i> (экономика)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>взаимозачет</i> – <i>өзара есепке алу</i></p> <p>13. Салалық терминологиялық сөздікті және заңнаманы негізге отырып, орыс тіліндегі «взаимозачет» сөзінің қазақ тіліне «өзара есепке алу» сөз тіркесімен аударылуын құптаймыз.</p>
871.	номинальное участие	номиналды қатысу	<p>1. Номинал – лат. nominalis – есімді, атаулы.</p> <p>Тұлғаның қаржылық үлесі тараптардың бірі арқылы енгізілетін көпжақты шарттық қатынастарға қосалқы қатысу.</p> <p>Номинал I. Зат есім. 1. [латын. nominalis] э к о н о м и к а л ы қ. Атаулы құн (ақша, бағалы қағаздар құнының көрсетілу шамасы)..Н о м и н а л қ ұ н ақша белгілерінде және бағалы қағаздарда көрсетіледі (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика және қаржы). (<i>kitap.kz</i>)</p> <p>Атаулы I. Есімдік. 1. Бір нәрсенің жиынтық тобы және соған жататынның барлығы..Және</p>

ішіп кетер, жеп кетер суылдақтан басқа жаман-жұман қатындар болмаса, жас а т а у л ы қыздардан жалғыз Нұрымның қасына жолаған жоқ (С.Торайғыров, Шығармалары). Жауыздық бар, алайда жауыздық бар! Жақсылық а т а у л ы н ы ауыздықтар (М.Мақатаев, Шығармалары). Тереңдігі жоқ әйелдің Қорку керек сыртқы сұлулығынан. Әйел – еркек намысының қорғаны, Нағыз сұлу әйел табу – Бүкіл еркек а т а у л ы н ы ң 4. Басты, елеулі, көрнекті. Дұрысында жал-жая, қазы-қарта сияқты а т а у л ы мүшелері болмаса, жалпы алғанда, одан қашанда етінің артық екені көпшілікке мәлім (Тарту). Осы бағытта ол шынығып, есейіп, а т а у л ы да елеулі табыстарға ие болды (М.Қаратаев, Туған әдебиет туралы ойлар). А т а у л ы жүлденің биылғы иегері болып бүкіл ғұмырын «Социалистік Қазақстан» газетінің өсу жолдарына бағыштаған Б.Қыдырбекұлы аталды («Егемен Қазақстан»). (*kitap.kz*)

Дербес I. Сын есім. 1. Жеке-дара, бөлек, тәуелсіз..Қазақ музыка білгірлерінің зерттеулеріне қарағанда, өз атымен шығаратын д е р б е с күйшілер типі он тоғызыншы ғасырдың бас кезінде ғана қалыптасады (М.Мағауин, Көк кептер). Аты аңызға айналған барлық түркі халықтарының атасы – «Алаш» атын алған партия – қазақ даласындағы алғашқы д е р б е с партия болды («Егемен Қазақстан»). Қаладан қашықтау орналасқан заводты завод десе де, не өз алдына д е р б е с қала десе де болғандай (С.Асанов, Жомарт.). Әулиеата сиырының нәсілін жетілдіріп, д е р б е с сиыр тұқымы етіп шығару жолында ұзақ жылдар селекциялық жұмыс жүргізген біраз ғалымдар, мамандар, шебер малшылар болды (Ө.Бектемісов, Малшы мұраты). (*kitap.kz*)

Есімді I. Сын есім. 1. Деп аталатын, есімі сондай, атты..Серіктеріміздің көпшілігі көңілді адамдар болып шықты. Ең көңілдісі – Шайхы е с і м д і жігіт (С.Мұқанов, Есею жылдары). Абылай хан көтеріліп, оған Атығай мен

Қарауыл рулары үш-үштен алты қыз бергенде, Атығайға жататын Бабаназар Зағыпыран есімді қызын да қосқан екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әйел іздеген Әлен Алқабайдың Күланда есімді қызына сөз салады, бірақ әкесі қызын малға сатқысы келмейді (Ә.Бектепов, Мәди). (*kitap.kz*)

Қатысу I. Етістік. 1. Ішінде болу, өз көзімен көру, процеске араласу..Серіппесі жіптен бе, қайыстан ба? Қайыспайды садағы майысқанда. ... Ойлап тұрдым, қанша рет қ а т ы с т ы ң деп, Қанды қырғын соғыс пен сайыстарға (М.Мақатаев, Шығармалары). Хаттың негізгі бойынша баспасөз конференциясы өткізіліп. Оған шетел журналистері қ а т ы с ы п, олар өз сұрақтарына нақты жауаптар алды. Үндеу армияда, халық арасында үлкен толқу туғызды («Зерде»). 1918 жылы тары оруға өзім қ а т ы с қ а н д а 1904 жылы Таңатарға әкеліп берген баяғы «белгіленген» тары көзіме шоқтай басылды. Оны жеке түптей орып, аяқпен басып, жиып алған дәнім б пұт болды («Егемен Қазақстан»). 2. Қатынасу, араласу, өткізісу. Кішкене көңіл аулар ма ек, Қ а т ы с ы п тұрса бізбенен. Қаяулы сондай жан бар деп, Ол да жоқ енді іздеген (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Студент тұрмысының ащы-тұщысын бірге қ а т ы с қ а н жолдастар шетінен ыстық көрінеді (С.Омаров, Өмір асулары). 3. Араласу, байланыста болу..Белгілі ихтиолог, профессор Н.Л.Гербильскийдің басшылығымен Ленинград аквариумшылар секциясы 1954 жылы іске кірісіп, 1955 жылдан бастап көрмеге қ а т ы с а бастады (Қ.Қайымов, Суасты әлемінің айнасы). Бұрынғы Кеңес Одағы бәсекеге қабілеттіліктің рейтингтік зерттеу көрсеткіштеріне қ а т ы с қ а н жоқ. Қазақстан мемлекетінде бұл көрсеткіш 1997 жылдан бастап қана есептеле бастады («Айқын»). Мұнда композицияға қ а т ы с ы п отырған әрбір функцияның мәндері жиыны келесі функцияның анықталу облысына енуі керек (О.А.Жәутіков, Жоғары математика). 4. Спортшының белгілі бір жарысқа түсуі өз күшін сынауы. 81 кг салмақты

бапкерлердің шешімі бойынша Әлем кубогына екі боксшы қ а т ы с а д ы. Біреуі – Түркияда Ахмет Кормет жүлдесі үшін өткен турнирдің қола жүлдегері Елдос Жақсыбеков болса, екіншісі – Дмитрий Готфрид («Егемен Қазақстан»). (*kitap.kz*)

2. Әзербайжан: nominal iştirak
3. Қырғыз: номиналдык катышуусу
4. Өзбек: nominal ishtirok
5. Түрік: nominal katılım
6. Ағылшын: nominal participation
7. Испан: participación nominal
8. Неміс: nominale Beteiligung
9. Француз: participation nominale

10. Бекітілген нұсқасы: *грузоподъемность номинальная* – номинал жүккөтерімділік (2016 жылғы 9 желтоқсан); *номинальная стоимость* – нақты құн (2015 жылғы 15 желтоқсан); *участие в преступлений* – қылмысқа қатысу (2016 жылғы 7 желтоқсан)

11. Сөздіктердегі аудармалары: *номинальный* – атаулы, номиналдық (іс жүргізу); *номинальная стоимость облигации* – облигацияның номиналды құны (заңтану); *номинальный* – атаулы, номинал (экономика); *участие* – қатысу

12. Заңнамадағы қолданысы: *номинальный* – атаулы, номинал; *участие* – қатысу

13. Орыс тіліне латын тілінен («nominalis» – «есімді», «атаулы») енген «номинальный» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «номинал», «нақты» сөздері бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы аудармасы «атаулы», «номинальдық», «номинальды», «номинал» сөздерімен берілген.

«Атаулы» сөзі «номинальный», «именной», «адресный», «персональный» сөздерінің баламасы ретінде алынса, «нақты» сөзі «конкретный» сөзімен аударылады. Көріп

			<p>отырғанымыздай, біз қарастырған тілдердің бәрінде «номинальный» сөзінің түпкі латын тіліндегі түбірі сақталған. Терминологиялық бірізділікті сақтау үшін «номинальный» сөзіне «номинал», «адресный» сөзіне «атаулы», «именной» сөзіне «есімді», «персональный» сөзіне «дербес» сөздерін балама ретінде ұсынамыз.</p> <p>Сондықтан орыс тіліндегі «номинальное участие» сөз тіркесі қазақ тіліне «номиналды қатысу» сөз тіркесімен аударылғаны дұрыс деп есептейміз.</p>
872.	сжатие денежной массы	ақша массасының тарылуы	<p>1. Масса – лат. «māssa» – «құйма; кемсек, тілім», көне грек. <i>μάζα</i> – «қамыр».</p> <p>Ұлттық Банктің пайыздық мөлшерлемелер мен резервтік талаптарды көтеруі, кредит беруді қатандатуы, ақша ұсынысын қысқарту үшін өзге де шаралар қабылдауы арқылы инфляцияға қысым жасаудың монетарлық тәсілі.</p> <p>Масса I. Зат есім. 1. латын massa. ф и з и к а л ы қ. Материяның инерциялық және гравитациялық қасиетін анықтайтын физикалық шама, көлем. Табиғаттағы сутегінің бөлшектері әр түрлі химиялық қоспалардың құрамына кіріп, мұнда олардың ең басты м а с с а с ы н жасайды (Ж.Жатқанбаев, Су және өмір). «Заттар м а с с а с ы н ы ң сақталу заңы» деген тақырыпты оқытқанда да, заттар м а с с а с ы н ы ң жойылып кететіндігін, олардың бір формадан екінші формаға ауысатындығын ғылыми тұрғыдан тәжірибе арқылы дәлелдеп көрсеткен («Қазақстан мұғалімі»). 2. х и м и я л ы қ. Иленген балшық тәрізді қоймалжың, зат, қоспа. Коллоид күкірті – түсі сары, әбден майдаланатын паста тәрізді м а с с а, құрамында 70 процент күкірт және 30 процент су болады (Ж.Лұқпанов, Химия.). 3. э к о н о м и к а л ы қ. Тауарлардың мөлшері (тауар, ақша массасы, конкрустық масса)..М а с с а топтамалардың құнын, шамасын, салық салу базасын, т.б. анықтау үшін пайдаланылатын</p>

тауарлардың аса маңызды сипаттамаларының бірі. (*kitap.kz*)

Жиын I. Зат есім. 1. Бір нәрсенің жиынтығы, қосындысы. Ертедегі гректер сан ұғымы дегенде оң бүтін санды ғана түсінді және оны бірліктердің жиыны деп қарады (О.Жәутіков, Математиканың даму тарихы). Жиыны алғанда өлең тілінде үлкен байлықпен қатар, тапқырлық, дәлшілдік мол (М.Әуезов, Әр жылдар ойлары). Бұрынғы біркелкі ақ және қара жолақтардың орнына қызыл, жасыл, сары т.б. сақиналар жиыны алар едік (А.Қалығұлов, Жарық сәуленің жарылуы). 2. Бір топ адам, көпшілік. Қалың жиын келе жатты жүректері жаралы Оркестрдің зарлы даусы мұңға бөлеп қаланы (М.Шаханов, Ғасырларды безбендеу). 3. Жиналыс, мәжіліс. Жиыннан енді сөзге шығатын жан табылмады (А.Сатаев, Дала күйлері). Ақмола қаласында осы ояздағы болыстардың басы қосылған жиын бола қалды (С.Мұқанов, Шығармалары). Қаланың ортасындағы бір алаңда кішкене жиын өтті (С.Бақбергенов, Қарға тамған қан). Мектептің тарих пәнінің мұғалімі Х.Уәлиханов оқушылар мен мұғалімдер коллективінің ауыл ардагерлерімен бас қосқан салтанатты жиынды ашты («Қазақстан мұғалімі»). 4. Көп адам жиналған жер, той-думан. Көл басында қауырт жиын бар сияқты (С.Көбеев, Орындалған арман). Асықпай аралаймыз Абай үйін, Жинапты талғамына қарай бұйым. Біржан сал бір кездері өз басы боп, Бұл үйде дүрілдепті талай жиын (С.Мәуленов, Алыс кетіп барамын). Біз тұрған жер сырт қарағанда күнде жиын, күнде той болып жатқан бай ауылға ұқсайды (Б.Тоғысбаев, Ақиық). Бірі үстіне бірі келіп жиын көбейді (М.Әуезов, Көксерек). Қысылу жанға қиын ба, Тап болдым күйге өзге енді. Бір ағай маған жиында, Ақын деп атап сөз берді (С.Әлімқұлов, Жайсаң жер). 5. математикалық. Қарапайым математикалық ұғымдарға жататын, сондықтан анықтамасы берілмей, аксиомалық жолмен енгізілетін математикалық

ұғым. Егер А ж и ы н ы н ы ң барлық элементтері В жиынының да элементтері болып табылса, онда А жиынын В жиынының бөлігі дейді (О.А.Жәутіков, Жоғары математикаға кіріспе). Мәселен, барлық сандар жиыны М барлық натурал сандар ж и ы н ы N-нің бөлігі болады (О.А.Жәутіков, Жоғары математикаға кіріспе). Бір мектеп оқушыларының, берілген шеңбер нүктелерінің, берілген теңдеу шешімдерінің табиғаты әртүрлі ж и ы н д а р ы туралы айтуға болады (ҚҰЭ). (*kitap.kz*)

Сығымдау I. Етістік. 1. Бір затты алақанға салып қысу, сығу. Ауладағы балалардың бірі қып-қызыл боп ісініп кеткен қолымен көбік қарды уыстап алып, с ы ғ ы м д а п қасындағы балаға лақтырды (Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, Бір әйелдің өмірі). Ол самайындағы шодырайған сүйелін сұқ саусақтарымен с ы ғ ы м д а й берді (А.Сатаев, Дала күйлері). 2. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Айыпты деп жауап алу, қыспақтау. Оны полиция бөлімінде екі күн ұстады. Жеке камерада жақсылап с ы ғ ы м д а п та алған (Қ.Исабаев, Соңғы тәулікі). Ол Кербаланы әдбен с ы ғ ы м д а д ы (Т.Жұртбаев, Шығармалары). 3. Аз-аздап, там-тұмдап. Сәлім азықты малға с ы ғ ы м д а п берді (К.Оразалин; Абайдан соң). 4. Жылау, көз жасын сығымдау. Жетпіс беске жеткенде жер таянып, Тамақты бітеу жұтып қылғынғайсың. Сексенде қара көздің нұры тайып, Көзінді ұрмай жылап с ы ғ ы м д а й с ы ң (Ә.Найманбаев, Шығармалары). 5. Қыран құстың ұстаған аңын аяқтарымен қысып ұстауы..Жеткенде он жетіге шырт түкіріп, Қылжандап, қызды ауылды қырындайсың. Қызықты, қызбалықты қызу күнің, Бір жерден ебін тауып ұрынғайсың. Тау жүрек, тастан қайтпас тас түлек құс, Түлкі алып аяқтанып с ы ғ ы м д а й с ы ң (Ә.Найманбаев, Шығармалары). 6. Там-тұмдап алу..Отызда ойлы болар кемел жасың, Қырқында күнде қылыш суырмайсың. Елу жас – екі жастың тап ортасы, Бар болса ескі күштен с ы ғ ы м д а й с ы ң (Ә.Найманбаев, Шығармалары). (*kitap.kz*)

Тарылу І. Етістік. 1. Бір нәрсенің тараюы, кішіреюі. Ертең бізге туардай заман ақыр, Неге ниет т а р ы л ы п бара жатыр. Үш жүз қайда... Үйді-үйге бөлінісіп, Күңіреніп, күрсініп дала жатыр (К.Салықов, Жезкиік). Сындырды, елім, сағынды; Қара ісіңе дем беріп, Қарайтты әдейі ағынды; Ұзын өріс қысқарып, Кең қонысың т а р ы л д ы (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы). 2. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Сараңдық жасау, пейілі құру. Бір қойға соншама неге т а р ы л д ы ң? (Е.Домбаев, Менің туыстарым). Анда-санда бір келем ғой, несіне т а р ы л а с ы з? (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Малың мыңға жеткенде т а р ы л а р с ы ң, Екі мыңға жетсейші деп зар қыларсың (Бес ғасыр). Артымда елім бар еді, Алдымда жолым бар еді, Ел де жоқ, қазір, жол да жоқ... Табылар жолың, т а р ы л м а, Жылама, жынға жалынба, Таң атқанша күн де жоқ (М.Жұмабаев, Шығармалары). 3. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Құру, жойылу. Т а р ы л ы п дін, дүниеміз бара жатыр, Япырм-ау, білген бар ма – бұл не ғажап? Ойламас ертеңгісін не болар деп, Салынып жалқаулыққа біздің қазақ (М.Дулатов, Шығармалары). (*kitap.kz*)

Қысу І. Етістік. 1. Бауырын басу, қапсыра құшақтау. Құшағын жайып, бауырына қ ы с у д ы ң орнына, амандасқалы қолын созып келе жатқаны несі (М.Дүйсенов, Гүлжан сүйеді). 2. **Қыс** етістігінің қимыл атауы. Бір нәрсені екі заттың аралығына не ішіне салып сығу..Сен қолымды қ ы с у ы н қыссаң да, сілікпедің және құшақ та жаймадың (Ә.Нұршайықов, Махаббат жылдары). Жүйрік уақыт шаршатпай қоймас ақыр. Денемді сауыт-сайман қ ы с ы п жатыр. Бұрын сені біреуге көп жұмсап ем. Енді өзіме шақырдым, ажал батыр (Абай, Толық жинақ). 3. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Қысым көрсету, зәрулікке душар ету. Қайғы шығар ілімнен, Ыза шығар білімнен. Қайғы мен ыза қ ы с қ а н соң, Зар шығады тілімнен (Абай, Толық жинақ). Тамақ, киім, борыш... қ ы с қ а н күні біреудің малын бұлдап қарызға алады (Абай, Толық

жинақ). (*kitap.kz*)

Қысқарт I. Етістік. 1. Сөзінді тоқтат, сөйлеме деген мағынада..– Қ ы с қ а р т! –деді оның сөзін бөліп Тоқтар (Т.Дәуренбеков, Біз әлі кездесеміз). – Қ ы с қ а р т тілінді, жағыңа жылан жұмыртқалағыр! Досан біледі кімге тиіп, кімді қорғайтынын! – деді (А.Сатаев, Дала күйлері). 2. Шектеу, азайту. – Ал, формасы жоқ балалар мен қыздар сендер үшін программаны қ ы с қ а р т а алмаймын (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім). Жаз өтті солай, Болды күз. Жететін жерді шолдыңыз. Қы с қ а р т па қ едік қиялап... Ұзартып алдық жолды біз (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). (*kitap.kz*)

2. Өзербайжан: pul kütləsinin sıxılması

3. Қырғыз: акча-кредит қысқартты

4. Өзбек: pul mablag'larining qisqarishi

5. Түрік: para arzinin sıkıştırılması

6. Ағылшын: compression of money supply

7. Испан: compresión del suministro de dinero

8. Неміс: Verdichtung der Geldmenge

9. Француз: compression de la masse monétaire

10. Бекітілген нұсқасы: *сжатие* данных – деректерді сығымдау (2016 жылғы 28 маусым); *сжатие информации* – ақпаратты сығымдау (2015 жылғы 6 қазан); *агрегаты денежной массы* – ақша жиынының агрегаттары; *денежная масса* – ақша жиыны; *контроль денежной массы* – ақша жиынын бақылау (2006 жылғы 27 қазан); *сделка денежная* – ақша мәмілесі (2016 жылғы 8 желтоқсан); *денежная компенсация* – ақшалай өтемақы (2016 жылғы 9 желтоқсан)

11. Сөздіктердегі аудармалары: *сжатие* – қысу, *қысқарту* (іс жүргізу); **сжатие** – **сығымдау** (экономика); *денежная масса* – ақша жиыны (заңтану); *масса денежная* – ақша жиыны (экономика)

12. Заңнамадағы қолданысы: *сжатие* – сығу; *денежная масса* – ақша массасы

			<p>13. Орыс тіліне шет тілдерінен (латын. – māssa – құйма; кемсек, тілім, көне грек. – μαζα – камыр) сөздерінен енген «масса» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «жиын» сөзі бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «жиын» сөзімен, заңнамада «масса» сөзімен аударылады. Орыс тіліндегі «сжатие» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «сығымдау» сөзі бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «қысу», «қысқарту» сөздерімен, заңнамада «сығу» сөзімен аударылады. Аталған «жиын» («сборище», «собрание»), «сығымдау» («выжимать», «уплотнять»), «қысу» («зажимать», «тискать»), «қысқарту» («укорачивать», «сокращать») сөздерінің мағыналарын сараптай келе, орыс тіліндегі «сжатие денежной массы» сөз тіркесінің қазақ тіліне «ақша массасының тарылуы» сөз тіркесімен аударылуын қолдаймыз.</p>
873.	проспект эмиссии	эмиссия проспектісі	<p>1. Эмиссия – лат. emissio – шығарылым. Проспект – лат. prospectus – түр, бейне.</p> <p>Эмитент компания, оның қаржылық жай-күйі және ол шығаратын бағалы қағаздар туралы толық, шынайы және нақты ақпарат бар құжат.</p> <p>Эмиссия I. Зат есім. 1. [латын. emissio] қ а р ж ы т е р м и н і. Бағалы қағаздар мен қағаз ақшалар шығару ісі..Ресми ақша бірлігін, тиындарын нақыштау тәртібі мен ақша белгілерінің э м и с с и я с ы н ы ң ақша айналымын ұйымдастыру мен реттеуді қамтитын ақша айналымының құқықтық негіздері мен ұйымдастыру нысандары 1993 жылғы 13 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы ақша жүйесі туралы» Заңмен белгіленген болатын («Егемен Қазақстан»). Қолма-қол ақша және банк э м и с с и я с ы н эмиссиялық банк (ұлттық, орталық банк) жүзеге асырады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). 2. [латын. emissio] ф и з и к а л ы</p>

қ. Қыздырудың ықпалымен, электр аясы мен өзге де себептерден қатты және сұйық денелердің фотондар, электрондар мен иондарды бөлуі, сәуле шығаруы. (*kitap.kz*)

Проспект I. Зат есім. 1. Еңбектің алғашқы жобасы, нобайы. 2. Даңғыл (үлкен қалалардың ұзын, түзу, кең көшесі). Олардың өмір жолдарының тоғысқаны сияқты екі ұлы адамның есімімен аталатын Алматыдағы Сәтбаев проспектісі мен Әуезов проспектілері түйісіп жатыр (Қаныш аға). Бір ғана Нева проспектісін, Эрмитажды, патшаның Қысқы сарайын көрудің өзі не тұрады! (І.Есенберлин, Шығармалары). Абай проспектісінен, бас арықтың қарағашты қалың тұсынан төмен қарай түсетін көше түстіктің миуалы бақтарындай әдемі де саялы (Біздің Мұхтар). (*kitap.kz*)

Шығару I. Етістік. 1. Басын, қолын яки аяғын т.б. мүшесін бір нәрсенің ішінен сыртқа қарай жіберу, созу..Кемпір есіктен басын шығарып қарап тұр екен (К.Баялиев, Дегелек келді, жаз болды). 2. Қозғалу, сапар шегу, көшу..Ел жайлауға шығарда не күздеуге түсер мезгілде қойлы ауылды аралап, қиссадастандарды талмай жырлап, бұрынғы өткен жыраулардың өлеңдерін ақпа судай ағытып, малшы қауымды бір серпілтіп қайтатын («Қазақ әдебиеті»). 3. Сыртқа ақтару, баяндау..Бұлтқа аспандағы мұңын айтып, Болады шығармақшы іштен зарын (Ш.Құдайбердиев, Алматы. «Жазушы»). 4. Жіберу..Ал Мөке Темір бұл жаққа қолма-қол әскер шығармады (І.Есенберлин, Алтын орда). 5. Босату, қоя беру..Сүт шықпай ма, әлде жағы тала ма, тез-тез сорып ерні бүлкілдеген бала шар етіп жылап, емшекті аузынан шығарып жібереді (А.Қаражігітов, Шапақ). Мені сыртқа шығарып жіберді (Ә.Бектасов, Мәди). 6. Ағызу; көзін ою..Сары құс айдаһардың екі көзін шығарыпты, белін опырып жіберген екен (Қ.Өмірбекұлы, Құсбегі). 7. Затты бір нәрсенің үстіне (төбесіне)

көтеріп алып бару, жеткізу, тасу..– Мынаны орыс солдаттары жоғарыға шығарып берді, айтпегенде бұдан да айрылатын едік, не бүлінетін еді, – деп әйелі мен қыздары шифоньер, комод, шкаф, ағаш кроватьтарды көрсетіп жүр (Қ.Исабаев, Соңғы тәулік). Істің аужайын біршама байқағасын, телевизорды көтеріп терезеге шығардым (Н.Қазыбеков, Ағайын). Чемоданын шоферге бере салды да, буманы Төлен көтерді, мұндай ауыр болар ма, ышқына басып, эзер дегенде машина үстіне шығарды (Ж.Жұмаханов, Махаббат пен мансап). 8. Бір нәрсені (ән, өлең, күй т. б.) ойдан туғызу, жасау..Ертегі емес, ертеде болған бір іс, Ойдан жалған шығарған сөзім емес (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Қызына айтып, келінге байқатқандай, Мағынасы көпке бірдей сөз шығардық (М.Дулатов, Шығармалары). 9. Есептің жауабын табу, шешу. Қолға алдық қуанып, Тұңғыш рет әліппе. Бірге есеп шығарып, Бірге үйрендік әріпке (С.Мәуленов, Жолдас). Өзің білесің ғой, Ахметқазы есепті қалай жақсы шығарады, жазуы таза, әріптері де көркем, – деп ағай Ахметқазыны да, оның мектебін де мақтағанда, маған ол әдейі айтып тұрғандай болып көрінеді (Ә.Қалиев, Немере). 10. ж е р г і л і к т і с ө з. Жегулі көлікті доғару..Ол атты жағаға шығарды (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі). 11. Есім, етістік сөздердің соңынан тіркесіп келіп, «болар», «болуға тиіс», «ғой» мағынасында қолданылатын сөз..– Онда мен деп келіп отырсаңыздар менің кім екенімді білетін шығарсыздар (Т.Дәуренбеков, Біз әлі кездесеміз). Бойымның ұзындығына өмірімде бір риза болғаным сол жолы шығар (К.Баялиев, Дегелек келді, жаз болды). – Ол ойымнан әлі де айнығаным жоқ, Сәуле, – деген, не айтып, не қойғанына өзі де мән бермей, әйтеуір үндемей қалудан көрі осы дұрыс шығар деген ниетпен (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме сол бір кез). (*kitap.kz*)

Шығарылым I. Зат есім. 1. Лотерея, заем т.б. тәрізді қаржы операцияларын баспасөзде

жариялау, айналымға түсіру. 2 июльде 1977 жылғы ДОСААФ лотереясының бірінші шығарылымы ойнайды («Семей таңы»). 2. Жарияланым. «ASSANDI-TIMES»-тың бұл шұғыл шығарылымында газеттің шығу нөмірі мен күні көрсетілмеген («Дала мен қала»). (*kitap.kz*)

2. Әзербайжан: prospekt məsələsi

3. Қырғыз: шығару

4. Өзбек: prospekt masala

5. Түрік: prospektüs fiyat

6. Ағылшын: prospectus issue

7. Испан: problema del prospecto

8. Неміс: Prospektausgabe

9. Француз: question de prospectus

10. Бекітілген нұсқасы: *денежная эмиссия – ақша эмиссиясы, ақша шығарылымы* (2006 жылғы 27 қазан); *эмиссия платежных карт – төлем карталарын шығару, төлем карталарының эмиссиясы* (2006 жылғы 26 қыркүйек); *синдикат эмиссионный – эмиссиялық синдикат* (2016 жылғы 8 желтоқсан)

11. Сөздіктердегі аудармалары: *проспект – проспект, даңғыл, бағыттама* (іс жүргізу); *проспект – проспект* (экономика); *эмиссия – эмиссия, шығарылым* (іс жүргізу, экономика)

12. Заңнамадағы қолданысы: *проспект эмиссии – эмиссия проспектісі*

13. Орыс тіліне латын тілінен («emissio» – «шығарылым») енген «эмиссия» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «эмиссия», «шығарылым», «шығару» сөздері бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «эмиссия», «шығарылым» сөздерімен, заңнамада «эмиссия» сөзімен аударылған.

Орыс тіліне латын тілінен («**prospectus**» – «түр», «бейне») енген «**проспект**» сөзі салалық терминологиялық сөздіктерде «**проспект**», «**даңғыл**», «**бағыттама**» сөздерімен,

			<p>заңнамада «проспект» сөзімен аударылған. Бір сөздің бұлайша бірнеше нұсқада аударылуы қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің семантикалық әлеуетіне, синтаксистік және семантикалық тіркесімділік қабілетіне байланысты.</p> <p>Қазақ тіліндегі «шығарылым», «шығару» сөздерінің мағынасы кең екендігін, «проспект» сөзінің бірнеше нұсқада аударылуына бұл сөздің қолданылатын сала мәтіндеріндегі семантикасына байланысты екендігін ескере келіп, орыс тіліндегі «проспект эмиссии» сөз тіркесі қазақ тіліне «эмиссия проспектісі» сөз тіркесімен аударылғаны дұрыс деп санаймыз.</p>
874.	длинная позиция	ұзын позиция	<p>1. Позиция – лат. positio – орнату, қалып, күй-жай, рөнерге – қалау, қою.</p> <p>Нарық бағамдарының өсуінен пайда табу мақсатында ашылатын позиция, яғни активті сатып алынған бағасынан қымбатырақ сату мақсатында жасалатын сауда-саттық.</p> <p>Позиция I. Зат есім. 1. Орныққан орын, орналасқан жер. 2. ә с к е р и. Ұрыс қимылдарын жүргізу үшін әскерлер (күштер) орналастырылған немесе орналасулары белгіленген жергілікті жердегі алқап..Қорғаныс п о з и ц и я л а р ы шолу мен атыс үшін қолайлы болуы, атыстың барлық түрлерін, әсіресе алғы шеп алдында және тереңдігінде танкіге қарсы атысты ұйымдастыру үшін ыңғайлы.. маневр жасаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі керек (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі, Әскери.). Жан-жақтарына оқ ата отырып әлден уақытта олар қоршаудағы батарея п о з и ц и я с ы н а келіп жетті (Ө.Нұршайықов, Батырдың өмірі). Атқаннан кейін дереу ол п о з и ц и я д а н кетіп қалу – мергендердің ережесі (Ж.Жұмақанов, Әлия). Сержант, өз п о з и ц и я с ы н а қайту үшін, тоң болып қатқан егіндікпен, тіпті гитлершілер жанындағы межемен, тұманда бір шақырымдай жерді еңбектеп өтіпті (Қазақтар хақында). 3. с а</p>

я с и. Белгілі бір мәселе жөніндегі көзқарас, ұстаным, бағдар..Оның геолог-ғалымдарымыз арасындағы айрықша беделіне, оның әр түрлі мәселелерді анағұрлым озық п о з и ц и я л а р тұрғысынан шешудегі аса көрнекті рөліне менің талай рет көзім жетті (Қаныш аға). 4. Классикалық бидегі қолды ұстап тұру мен аяқтарды қоюдың бұлжымас ережелері..Би п о з и ц и я л а р ы адам денесі қимылының неғұрлым көркем, әсем жағдайларын іріктеп алу жолымен қалыптасты (Қазақ Совет Энциклопедиясы). 5. Жергілікті жердің белгілі бір теліміндегі, ауданындағы инженерлік жағынан жабдықталған бөлігі.. 6. Шахмат, дойбы тастарының орналасқан қалпы. (*kitap.kz*)

Айқындама I. Зат есім. 1. Анықтама, дәлелдеме. Бұл а й қ ы н д а м а л а р кейде елеулі түрде аталады («Егемен Қазақстан»). (позиция) (*kitap.kz*)

Валюта жайғасымы I. Тұрақты тіркес. 1. э к о н о м и к а л ы қ. Банктің шетел валютасы түріндегі активтері мен міндеттемелерінің арасалмағы. Олар теңбе-тең болған жағдайда – в а л ю т а ж а й ғ а с ы м ы жабық, ал үйлеспегенде – ашық деп саналады. Ашық жайғасым өз кезегінде қысқа және ұзын болуы мүмкін (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). (*kitap.kz*)

Жабық жайғасымы I. Тұрақты тіркес. 1. э к о н о м и к а л ы қ. Мәміле бойынша есеп айырысуды аяқтау, тауарларды сатқаннан кейін оларды сатып алу немесе керісінше, сатып алғаннан кейін сату. (*kitap.kz*)

Тұрғы I. Зат есім. 1. Белгілі бір бағытта пайда болатын көзқарас..Адамның күнбе-күнгі ұшырасатын жайларына, шешетін мәселелеріне қарасты т ұ р ғ ы д а н қарау талап етіледі (Д.Айдаров, Дәуір және дәстүр). Шеберлік т ұ р ғ ы с ы н а н ақындар әрқайсысы өз ниеттерін әр түрлі дәрежеде жүзеге асырды (М.Қаратаев,

Туған әдебиет туралы ойлар). 2. Тау қырқасының ең биігі..Қабырға жолмен керлеп отырып Жәнібек Жақаштың қаратасының желкесіне шықты, бұл өңірдегі ең биік т ұ р ғ ы л а р д ы ң бірі – осы (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Керей, найман, қаракесек жақтарға кететін жау болса, соларды еріксіз көрсететін т ұ р ғ ы-т ұ р ғ ы н ы ң бәрін алды (М.Әуезов, Абай жолы). 3. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а . Белгілі бір нәрсенің биік межесі, асқар шыңы..Суреттен көзін аудармай қадалған Еркебұлан суретшілік, ақындық өнерінің бір биік т ұ р ғ ы с ы н а н қарап отырып еді (Ғ.Мүсірепов, Кездеспей кеткен бір бейне). Еркелеп бауырында өсе бердім, Т ұ р ғ ы с ы болдың, әже, пешенемнің, Түріп ап балағымды Сырдың суын, Күстенген аяғыммен кеше бердім (Қ.Көпішев, Кезеңдер). 4. Замандас, тұстас, қатарлас адам..Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі, Кім де болса т ұ р ғ ы с ы н көксемек-ті. Мезгілі өткен дәуренді қудалаған, Неғылсын бір қартайған қу сүйекті (XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары). Жаздың көркі енеді жыл құсымен, Жайраңдасып жас күлер құрбысымен, Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал, жалбаңдасар өзінің т ұ р ғ ы с ы м е н (Абай, Толық жинақ). 5. х и м и я л ы қ. Тік және көлденең жазықтықта зертханалық құралдың элементтерін бекітуге арналған механикалық құрылғы. (*kitap.kz*)

Ұстаным I. Зат есім. 1. Нақты бір мәселеге көзқарас..Бұл мәселе жөніндегі менің ұ с т а н ы м ы м «Огни Алатау» газетінде толық бейнеленді («Алматы ақшамы»). Осы ұ с т а н ы м пір Бекетке қатысты сұхбатынан да, Түркістанда халқымыз ардақтыларының сүйегін жер қойнауына тапсыру кезінде сөйлеген сөзінен де, Бәйдібек баба мен Домалақ ана кесенелері ашыларда айтқандарынан да анық аңғарылады («Егемен Қазақстан»). (*kitap.kz*)

Көзқарас I. Зат есім. 1. ф и л о с о ф и я л ы қ. Адамдардың өздері өмір сүріп жатқан

қоғамдағы немесе бұрын болған оқиғалар мен құбылыстарға, жеке тұлғаларға, идеяларға т.б. қарым-қатынасы және содан туындайтын иланымы, басшылыққа алатын ұстанымы..Көзқарас білім алу, еңбек ету, қоғамдық жұмыстарға араласу, ғылыммен шұғылдану т.с.с. адамның теориялық және тәжірибелік таным әрекеті барысында қалыптасады (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). 2. психологиялық. Адамның, әлеуметтік топ немесе қоғамның айналада болып жатқан процестерге, құбылыстарға қатысын айқындайтын дүниетанымдық категория..Көзқарастың қалыптасуы үшін философиялық, ғылыми, діни білімдердің және қоғамдағы үстем идеологияның әсері мол (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.). Нағыз ғылыми көзқарас ғылыми білімдер мен демократиялық ұстанымдар орнағанда қалыптасады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.). 3. Пікір, ой, ұғым..Көздің қаралуына қарай, көзқарас орнықты, қыдырма болуға мүмкін. Орнықты көзқарас бір деректі нәрсеге не ойға қадалғанда болады (Ж.Аймауытов, Шығармалар жинағы). (*kitap.kz*)

Тұғыр I. Зат есім. 1. Қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі т. б.) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы..Тұғырында жем берді, Тұтқын бірақ татпады. Аш өлуді жөн көрді, Қыран атын сақтады (М.Мақатаев, Өлеңдер жинағы). Кәнігі құсбегі қаршығаның тұғырда отырысына қарап, жуасуының әлі де жетпей жатқанын аңғарды (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз). 2. Бір нәрсенің астына қойылған тірек..Сол сарайды аса берік тас тұғыр көтеріп тұр (Д.Досжанов, Жібек жолы). Ол: «Мақұл онда, әзірше сау бол», – деп телефонын тұғырына қойды (М.Ысқақбаев, Сұлтүрдің бөктері). 3. ауыспалы мағына. Сүйеніш; тірек..Сөйлейін бір мәселе бұрынғыдан, Бұл қызың естігеннің көңілі тынған. Дін орнап мұсылманға тұғыр болған,

Белгілі шаһар еді Бағдад пен Шам (Ә.Найманбаев, Шығармалары). Туған жерім – т ұ ғ ы р ы м, Шөбі дәрі, суы бал, Арқасында халықтың Шат-шадыман көңілім бар (К.Әзірбаев, Таңдамалы шығармалар). 4. Мүсіндік туындылар (мүсін-ескерткіш, мүсіндік топтама, сыралғы, т.б.) мен бағаналардың, обелискілердің астына қойылатын сандықша негіз..Т ұ ғ ы р әртүрлі пошымда тұрғызылып, алуан түрлі нақышпен (архитектуралық ордерлер элементтерін қолдану, мүсін бедерлермен нақыштау, кейде табиғи тастарды пайдалану, (т.б.) безендіріледі (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). 5. Мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі, тұғыр ат..Тұлпардан т ұ ғ ы р озбас шабылса да, Оған да үкі, тұмар тағылса да. Қыжырытпай мені сырттан жүре алмайды, Кім жегіліп, қай шеттен қағынса да (Абай, Толық жинақ). – Бәйеке, озады атым, бәс тігемін, Тұлпарыңды тұғыр ы м басты менің. Алты болыс Албанды дүрліктіріп, құнанында бәйгі алған тас түлегім (М.Мақатаев, Шығармалары). (*kitap.kz*)

2. Әзербайжан: uzun mövqe
3. Қырғыз: көп орду
4. Өзбек: uzoq pozitsiya
5. Түрік: uzun pozisyon
6. Ағылшын: long position
7. Испан: posición larga
8. Неміс: lange Position
9. Француз: position longue

10. Бекітілген нұсқасы: *позиция – айқындама* (1990), *валютная позиция – валюталық жайғасым* (2006 жылғы 27 қазан); *позиция техническая – техникалық тұрғы* (2015 жылғы 6 қазан); *знаки дорожные многопозиционные – көппозициялы жол белгілері* (2016 жылғы 28 маусым)

11. Сөздіктердегі аудармалары: *длинная позиция – ұзақ ұстаным* (заңтану); *позиция – көзқарас, ұстаным, тұғыр* (іс жүргізу); *позиция – позиция; ұстаным; тұрғы; айқындама*

			<p>(заңтану); <i>позиция</i> – ұстаным, айқындама, жайғасым, тұрғы (экономика)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>валютная позиция длинная</i> – ұзақ валюталық позиция</p> <p>13. Орыс тіліне латын тілінен (positio – орнату, қалып, күй-жай, рōnere – қалау, қою) енген «позиция» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «айқындама», «жайғасым», «тұрғы», «позиция» сөздері бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «ұстаным», «көзқарас», «тұғыр», «позиция», «тұрғы», «айқындама», «жайғасым» сөздерімен, заңнамада «позиция сөзімен аударылған. Бір сөздің бұлайша бірнеше нұсқада аударылуы қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің семантикалық әлеуетіне, синтаксистік және семантикалық тіркесімділік қабілетіне байланысты.</p> <p>Аталған сөздердің мағынасын сараптай келе, бекітілген терминдер сөздігін негізге ала отырып, орыс тіліндегі «длинная позиция» сөз тіркесінің баламасы ретінде қазақ тілінде «ұзақ жайғасым» терминдік сөз тіркесін қолдану керек деп санаймыз.</p>
875.	взаимовыгодная сделка	өзара тиімді мәміле	<p>1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу-сату шарттарына қатысатын тараптар үшін тиімді талаптармен жасалған мәміле.</p> <p>Өзара I. Үстеу. 1. Бірімен-бірі; екеуара. (<i>kitap.kz</i>)</p> <p>Тиімді I. Сын есім. 1. Қолайлы, жағдайлы, ыңғайлы..Мүмкін жауласпай-ақ Жұныс жағына шыға салғаным т и і м д і болар? (I.Есенберлин, Алмас қылыш). Болашақ үлкен Жезқазғанның мәселесі бұрын шешілген еді, енді теміржол қатынасының т и і м д і варианттарын қарауға шақырыпты (Ж.Дүйсекеев, Гүлденген өмір). 2. Пайдасы, табысы мол..Өзімізге қажет әртүрлі мамандығы бар жас жұмысшыларды өзімізден, осы жерден әзірлей бастаған өте т и і м д і</p>

(С.Бақбергенев, Кентау). Күтетін құрмет, Сыйыңды Туысқан, Туған жалғыз ба?! Шеншекпен жағы т и і м д і Бұйырды біраз балдызға (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). (*kitap.kz*)

Пайдалы І. Сын есім. 1. Қажетті, керекті..В1 витамині денсаулыққа п а й д а л ы (Т.Дарқанбаев, Витаминдер). Мұндайда тамақ алдында тәуір коньяктан бірер жүз грамм тартып алса да теріс болмайды екен. Суық тимеуге, күн өтіп кетпеуге п а й д а л ы деп, үлкендер Әсемге де ауыз тигізеді (Қ.Жұмаділов, Шығармалары). 2. Өте тиімді, қажетті, қолайлы..– Дестелеп ору п а й д а л ы көрінеді. Тек бізде тәжірибе жоқ, қорқа соғамыз (3.Шашкин, Өмір). Дәрежеге қарап, өзіне п а й д а л ы жағын ғана көздейді (Ө.Қанахин, Жер басып жүрсем). Ақыл айтты: не дүниеге, не ахиретке не п а й д а л ы болса, не залалды болса білетұғын мен (Абай, Шығармалары). Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар, Маймылша іс ететін көп, надандар. П а й д а л ы затты орнына жұмсай алмай, Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?! (А.Байтұрсынов, Шығармалары). Енді бұл серіктік ашылуын ашылды. Іс басқаруға сайланған кісілердің ретіне қарағанда, бұл іс өздеріне п а й д а л ы, басқаларға өрнек болуы үміт етіледі. Бұларға енді халық алдында үлкен сын. Жақсылығын да, жамандығын да көлденеңнен көріп тұрамыз. Істері қай жағына бейім болса да кезінде жұртқа білдіреміз. Қазірге «қайырлы сағат» дегеннен басқа айтарымыз аз (М.Дулатов, Шығармалары). 3. Пайдасы мол, жақсылығын тигізетін..Оқудың түзетпейтін адамы жоқ, Қараңғы мінбарларға шам жанады. Ақылды, аз ашулы, көп пікірлі, П а й д а л ы насихатты аңғарады (Ө.Найманбаев, Шығармалары). Абай қоғамына п а й д а л ы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді (М.Әуезов, Әр жылдар ойлары). Ханның әмірі жүрмейді бөтен елге, П а й д а л ы білімді халқыңа үйрет (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Сонда торғай сөйлепті адамдайын: Босатсаң, үйретемін байлық

жайын. Азар болса сатарсың үш тиынға, Мен саған бір п а й д а л ы сөз айтайын (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Әкеннің айтқан бұл сөзін Құтысына көңліңнің, Төгіп алма, дәлдеп құй. Менің айтқан бұл сөзім Өміріңе п а й д а л ы, Басыңда болса егер ми (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы). (*kitap.kz*)

Мәміле I. Зат есім. 1. қ ұ қ ы қ т ы қ. Жеке немесе заңды тұлғалардың мүліктік қатынастарды және осы қатынастармен байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттер белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеті..М ә м і л е н і ң жай жазбаша нысанын сақтамау оның күшін жарамсыз етпейді, бірақ дау болған жағдайда тараптарды оның жасалуын куәлік айғақтармен қуаттау құқығынан айырады (Қаржы-экономика сөздігі). М ә м і л е ауызша да, жазбаша да жасалады. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың арасында және жеке тұлғалар арасында 100 айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға м ә м і л е жазбаша жасалады (Қазақ Ұлттық Энциклопедия). 2. Бітім, келісім..Міндет ауыр. Хан бұйрығы м ә м і л е г е қарай ма? Ғимаратты енді аз күнде бітірген жөн қалай да (М.Шаханов, Ғасырларды безбендеу). (*kitap.kz*)

Олжа I. Зат есім. 1. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Тиімді, жағымды, пайдалы нәрсе, іс т.б..Басқа сая, жанға о л ж а дәнеме жоқ. Қайран ел осымен жүр құр далақтап (Абай, Толық жинақ). Жалпы, әлемдегі елдердің бәрімен сыйластық қарым-қатынас орната алғанмыз -осы он жылдағы о л ж а л а р ы м ы з д ы ң бастыларының бірі («Егемен Қазақстан»). Арғы атасы түріктен бөлінбей тұрған заманда соңынан өз алдына жұрт болып жүрген заманда да қазақ жауынгер ел болып, кез келген жұрттың бәрімен соғыса бергені анық. Соғыста жеңген елдерін шауып алып, жетім-жесірді о л ж а қылып, ұлын құл, қызын күң етіп жүргені де мәлім (М.Дулатов, Шығармалары). 2. э т н о г р а ф и я л ы қ. көне р г е н с ө з. Соғыстан

түсетін пайда..Оларға байлық үш түрлі арнамен келіп құйылатынын байқадым: біреуі – өз бұқарасынан жинайтын дан (салық), екіншісі – күшпен қаратып алған елден түсетін адбан. Ол да алым-салық, үшіншісі – соғыстан түсетін ол жа. Бұлардың тыстағы бір салық түрі бар. Ол – пешкеш деп аталатын діни салық (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы). 3. Ойламаған, күтпеген жерде пайда болған кіріс. Кісіміс қайда жүрсең ол жаға тоқ, Шұқыма халық көзінше қарғаша боқ (Абай, Толық жинақ). Кебек сонда шалға айтты:– Ей, ақсақал, Өзің тандап түлкінің біреуін ал. Бағыңа кез келген бір бұл ол жағой, Жығыт тымақ істетіп сандыққа сал! (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). (*kitap.kz*)

2. Әзербайжан: qarşılıqlı faydalı əməliyyat

3. Қырғыз: өз ара пайдалуу бүтүм

4. Өзбек: o'zaro manfaatli bitimlar

5. Түрік: karşılıklı yarar sağlayan işlem

6. Ағылшын: mutually beneficial transaction

7. Испан: transacción mutuamente beneficiosa

8. Неміс: gegenseitig vorteilhafte Transaktion

9. Француз: transaction mutuellement avantageuse

10. Бекітілген нұсқасы:
выгодоприобретатель – пайда алушы (2006 жылғы 27 қазан); сделка биржевая – биржалық мәміле (2016 жылғы 8 желтоқсан)

11. Сөздіктердегі аудармалары:
взаимовыгодный – өзара тиімді (іс жүргізу; экономика); выгода – пайда; тиімділік (іс жүргізу; экономика); выгода – пайда, олжа (заңтану); сделка – мәміле (іс жүргізу, заңтану, экономика);

12. Заңнамадағы қолданысы:
взаимовыгодный – өзара тиімді

13. Орыс тіліндегі күрделі сөздердің құрамындағы «взаимо» сөзі қазақ тіліне «өзара» сөзімен аударылса, «выгода» сөзі «пайда» («польза», «выгода», «прибыль»),

			<p>«олжа» («добыча») сөзімен аударылады. Бір сөздің бұлайша бірнеше нұсқада аударылуы қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің семантикалық әлеуетіне, синтаксистік және семантикалық тіркесімділік қабілетіне байланысты.</p> <p>Орыс тіліндегі «сделка» сөзі қазақ тіліне «мәміле» сөзімен аударылады.</p> <p>Орыс тіліндегі «взаимовыгодный» сөзі салалық терминологиялық сөздіктерде «өзара тиімді» сөз тіркесімен аударылады. Алайда «тиімді» сөзі орыс тіліндегі «эффективный» сөзінің баламасы болып табылады. Біздіңше, терминологиялық бірізділікті сақтау үшін «взаимовыгодная сделка» сөз тіркесін қазақ тіліне «өзара пайдалы мәміле» сөз тіркесімен аударған дұрыс сияқты.</p>
876.			
877.	декриминализация	декриминализациялау, қылмыстық сипаттан арылту, қылмыссыз дандыру, қылмыс деп танымау, қылмыстан арылту	<p>1. ДЕ- – болымсыз іс-әрекетті білдіретін приставка, сөздің бір бөлігі (https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5).</p> <p>Криминализовать – лат. criminalis – қылмысты, crimen – кіналау; айып, қылмыс</p> <p>Декриминализация – қылмыс ретінде жазаланатын әрекеттің бір бөлігінің заңи түрде қайта қаралуы және оның әкімшілік, тәртіптік және басқа да құқықбұзышылық немесе заңды іс-әрекет қатарына жатқызылуы</p> <p>Криминал. Тұрақты тіркес. 1. [латын. criminalis] Заң, қылмыстық іс. К р и м и н а л ғ а қатысты. (https://kitap.kz/)</p> <p>2. Әзербайжан: dekriminalizasiya 3. Қырғыз: алып салуусу 4. Өзбек: dekriminalizatsiya 5. Түрік: decriminalization 6. Ағылшын: decriminalization 7. Испан: despenalización 8. Неміс: Entkriminalisierung 9. Француз: décriminalisation</p>

			<p>10. Бекітілген нұсқасы: <i>криминалистика – криминалистика (2016 жылғы 7 желтоқсан); криминалистические требования – криминалистік талаптар (2016 жылғы 7 желтоқсан); язык криминалистики – криминалистика тілі (2016 жылғы 7 желтоқсан)</i></p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: <i>декриминализация – қылмыс деп танымау (заңтану)</i></p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>декриминализация – декриминализация; қылмыстық сипаттан арылту; қылмыссыздандыру; қылмыс деп танымау; қылмыстан арылту</i></p> <p>13. «Декриминализация» сөзінің алғашқы бөлігі, яғни «де» – «болымсыз (теріс) іс-әрекетті білдіретін приставка, сөздің бір бөлігі» деген мағынаны берсе, «криминализация» сөзі орыс тіліне латын тілінен (criminalis – қылмысты, crimen – кіналау; айып, қылмыс) енген. Бекітілген терминдер сөздігінде «декриминализация» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы берілмеген, яғни бекітілмеген. Салалық терминологиялық заңтану сөздігінде «<i>қылмыс деп танымау</i>» сөз тіркесімен, ал заңнамада «<i>декриминализация</i>» сөзімен, «<i>қылмыстық сипаттан арылту</i>» сөз тіркесімен, «<i>қылмыссыздандыру</i>» сөзімен, «<i>қылмыс деп танымау</i>» сөз тіркесімен, «<i>қылмыстан арылту</i>» сөз тіркесімен аударылған. Салалық терминологиялық заңтану сөздігіндегі және заңнамадағы аудармаларын сараптай келе, терминологиялық бірізділікті сақтау мақсатында «декриминализация» сөзінің баламасы ретінде қазақ тілінде «декриминализация» (зат есім) және «декриминализациялау» (етістік) сөздерін қолданған дұрыс деп санаймыз.</p>
878.	право	құқық	<p>Право – мемлекет күшімен қорғалатын жалпыға міндетті қағидалар (нормалар)</p>

ЖИЫНТЫҒЫ

[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE_\(%D0%B7%D0%BD%D0%B0%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE_(%D0%B7%D0%BD%D0%B0%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F))

Құқық. Зат есім. 1. Негіз, себеп. Осыны айтуға толық қ ұ қ ы ғ ы м бар (Ауызекі). 2. Мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық. Әр халық, әр адам өзінің қ ұ қ ы қ т а р ы н пайдалану үшін білімді, сауатты болу керек (С.Сейфуллин, Шығармалары). М.Дулатов 3 маусым заңы қазақтарды ғана емес, қазақ облыстарында тұратын басқа ұлыстарды да саяси қ ұ қ ы қ т а р ы н а н айырғанын арнайы атап өтеді (М.Құл-Мұхаммед, Алаш ардагері). Қ ұ қ ы қ адам баласына ортақ мүлік: оны қорғау ісі де адам баласына бірдей ортақ ынтымақпен болуы керек («Қазақ»). 3. қ ұ қ ы қ. Қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, мемлекет тарапынан белгіленетін және қорғалатын ережелер мен жиынтығы және соны зерттейтін ғылым саласы..Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің қ ұ қ ы ғ ы бар (ҚР Конституциясы). Неғұрлым қоғамдық қатынастарда тұрақтылық басым болса, соғұрлым олардың жолын алдын ала болжау да оңайырақ болып, қ ұ қ ы қ арқылы реттеудің жолы жеңілденеді (Ғ.Сапарғалиев,.. Мемлекет және құқық теориясы). XIX ғасырдың аяғына XX ғасырдың басына дейін созылып келген заң мен қ ұ қ ы қ жүзіндегі қазақ пен атты қазақтың жер таласы, айтысы, жанжалы, бұрынғы отарлаудың сөнбей қалған ұшқыны еді (Т.Шонанов, Жер тағдыры – ел тағдыры). Енді Керенскийдің ұсыныстарындағы екінші мәселеге – саяси қ ұ қ ы қ, ұлттық тәуелсіз елдердің мүдделерін тең тұрғыдан құру жөніндегі тұжырымдамасына келейік (М.Шоқай, Таңдамалы шығармалары). 4. [араб]. с ө й л е у. Қақы..– Кәне, жолдастар, осы ауылдағы қ ұ қ ы ғ ы жойылатындарды атаңдар

			<p>– деді (І.Жансүгіров, Әңгімелері). Отаршылдардың ең негізгі заңын өзі тас-талқан қылып бұзуы, қазақ қ ұ қ ы ғ ы мен пайдасын лас аякпен басуы деген осы болады (Т.Шонанов, Жер тағдыры – ел тағдыры). (https://kitap.kz/)</p> <p>2. Әзербайжан: hüquq 3. Қырғыз: укук 4. Өзбек: qonun 5. Түрік: sağ 6. Ағылшын: right 7. Испан: ley 8. Неміс: Gesetz 9. Француз: loi</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: <i>наследственное право – мұрагерлік құқық (2016 жылғы 7 желтоқсан); право собственности – меншік құқығы (2016 жылғы 8 желтоқсан); право избирательное – сайлау құқығы (2016 жылғы 8 желтоқсан)</i></p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: <i>право – құқық (заңтану, іс жүргізу, экономика)</i></p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>право – құқық</i></p> <p>13. Орыс тіліндегі «право» сөзінің бекітілген терминдер сөздігіндегі қазақ тіліндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы қазақ тіліндегі аудармасын және «құқық» сөзінің қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі мағынасын негізге ала отырып, орыс тіліндегі «право» сөзін қазақ тіліне «құқық» сөзімен аударуды қолдаймыз.</p>
879.	космос	ғарыш	<p>Кóсмoc – грек. κόσμος – әлем, ғалам, ғарыш. Космос – аспан денелері атмосферасының шегарасында орналасқан Әлемнің салыстырмалы түрдегі бос бөлігі</p> <p>Космос. Зат есім. 1. [грек. kosmos] а с т р о н о м и я л ы қ. Ғарыш. Шаһмардан Есенов екеуіміз совет павильонының үшінші қабатына көтерілдік. Күмбезі кең сарайдың сол жақ бұрышында – шар тәрізді к о с м о с бөлімі</p>

(Ә.Шәріпов, Алыс жағалаулар).
(<https://kitap.kz/>)

Ғарыш. Зат есім. 1. Ғаламның астрономиялық анықтамасының синонимі. Кейде ғ а р ы ш ұғымына Жер және оның атмосферасы енбей қалады (ҚҰЭ). Ғарыш «жер төңірегіндегі» кеңістікті қамтитын (ондағы нысандарды) жақын ғ а р ы ш және жұлдыздар мен галактикалар т.б. кеңістігін қамтитын (ондағы нысандарды қоса) алыс ғ а р ы ш болып ажыратылды (ҚҰЭ). 2. [араб.] Аспан кеңістігі. Дариядан артық ақылың, Төбең биік ғ а р ы ш т а н, Қартайғанда бір көріп, Зират етіп қайтуға, Жамбыл келді алыстан (Жамбыл, Шығармалары). Замат лашын құс боп замғаған ол бұл кезде Кенжебек көзіне әлі де сағымдай бұлдырап қана елес берген ақ кептерді іліп алды да, қанатының астына қысып ғ а р ы ш қ а құлаш сермеді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Көкте – күнмін, көпке нұрым шашамын, Көңілге алсам, қазір ғ а р ы ш қ а асамын. Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк, Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын (М.Жұмабаев, Шығармалары). Кешірмеймін сол үшін, Кешірмеймін сол үшін... Күллі адами пенделікпен алысқан Қыран ойы тұрақ таппай ғ а р ы ш т а н Әйеліне қарап терең күрсіне Мәңгілікке көзін жұмды данышпан (М.Шаханов, Ғасырлар). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: yer
3. Қырғыз: мейкиндик
4. Өзбек: joy
5. Түрік: uzaу
6. Ағылшын: space
7. Испан: espacio
8. Неміс: Raum
9. Француз: espace

10. Бекітілген нұсқасы: *космос – ғарыш* (1992; 2015 жылғы 14 желтоқсан)

11. Сөздіктердегі аудармалары: *космос – ғарыш* (заңтану, іс жүргізу, физика)

			<p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>космос – ғарыш</i></p> <p>13. «Қазақ сөздігінде» «космос» сөзі жеке реестр сөз ретінде берілгенімен, бұл сөздің анықтамасында «ғарыш» сөзіне сілтеме берілген. Ал жеке реестр сөз ретінде берілген «ғарыш» сөзінің мағыналары «космос» сөзінің мағынасын толық береді деп есептейміз.</p> <p>Орыс тіліне грек тілінен енген (κόσμος – «әлем, ғалам, ғарыш») «космос» сөзінің бекітілген терминдер сөздігіндегі қазақ тіліндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы қазақ тіліндегі аудармасын және «ғарыш» сөзінің қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі мағынасын негізге ала отырып, «космос» сөзі қазақ тіліне «ғарыш» сөзімен аударылуы қажет деп санаймыз.</p>
880.	спутник	жерсерік, спутник	<p>Спúтник – тартылыс күшінің әсерінен ғарыш кеңістігінде басқа объектінің айналасында белгілі бір траектория (орбита) бойынша айналып жүретін аспан денесі. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BF%D1%83%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA_(%D0%BA%D0%BE%D1%81%D0%BC%D0%BE%D1%81)</p> <p>Спутник. Зат есім. 1. Жылдамдығы ғаламшар жылдамдығына сай келетін, орбитаға шығарылған жердің жасанды серігі. С п у т н и к орбитаға шығарылды («Лениншіл жас»). Жерді айналып с п у т н и к ұшқан көрінеді (Ә.Әлімжанов, Махамбеттің жебесі). Ауылшаруашылық дақылдарының тұқымдарын с п у т н и к арқылы космосқа ұшырып, космос сәулелерімен сәулелендіріп барып екенде, олардың әдеттегіден бірқатар ерте пісетіні тәжірибе жүзінде анықталады (М.Құдайқұлов, Ғылым және дін аспан денелері туралы). (https://kitap.kz/)</p> <p>Жерсерік. Зат есім. 1. Жердің жасанды спутнигі. Аспанға ұшырылған ж е р с е р і к т е р і, күнді айналып жүрген космос ракетасы да</p>

ең алдымен әрбір бөлшегі сол қалыпқа салынып жасалады (С.Бақбергенов, Біздің колхоз). Ұшырдың келешектің жыл құсындай Аспанға әлдилетіп ж е р с е р і г і н (Қ.Бекхожин, Дала комиссары). Ж е р с е р і г і ұшқанда қозғалысына кедергі болмау үшін ол ауасыз жерде ұшу керек (Х.Әбішұлы, Халық астрономиясы). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: yoldaş

3. Қырғыз: спутник

4. Өзбек: sherigim

5. Түрік: uydu

6. Ағылшын: satellite

7. Испан: compañero

8. Неміс: Begleiter

9. Француз: compagnon

10. Бекітілген нұсқасы: *спутниковая связь – жерсеріктік байланыс* (2004 жылғы 31 наурыз); *служба связи спутниковая – жерсеріктік байланыс қызметі* (2016 жылғы 28 маусым)

11. Сөздіктердегі аудармалары: *спутниковая система – спутниктік жүйе* (заңтану); *связь спутниковая – жерсеріктік байланыс* (іс жүргізу); *навигационный спутник – навигациялық серік*; *спутник планеты – планета серігі* (физика); *город-спутник – серіктес қала* (статистика)

12. Заңнамадағы қолданысы: *спутник – спутник; жерсерік*

937.	профиль	бейін	<p>1. Профиль итал. profilo – бейін; контур – білдіретін мағынасы: Адам бейіні — жанынан қарағандағы бастың немесе дене мүсінінің түрі. Бейін — кәсіп, мамандық, шаруашылықты сипаттайтын негізгі, соған тән белгілердің жиынтығы. Информатика Профиль — нақты тапсырманы орындауға бағдарланған стандарттар жиынтығы. Профиль — есептеуіш жүйелердегі есептік жазба. Java ME профилі — платформасының сипаттамасының бір бөлігі (мысалы, қараң. CLDC профильдері) Жер туралы ғылымдар Профиль — қандай да бір зат бетіндегі немесе географиялық картадағы нүктелер жиынтығы бойынша жүргізілген және сол зат бетінің жалпы геометрлік бейнесін көрсететін сызық. Өзен профилі — судың беткі қабатындағы бойлық профиль. Топырақ профилі — әрбір табиғи топырақ түзілімге тән генетикалық горизонттардың үйлесімі. Профиль — металл, пластик немесе басқа да құрылымдық материалдардан икемдеу, созу, сығу әдісімен дайындалған бұйым. Сондай-ақ архитектурада облом деген термин пайдаланылады. Модем профилі — бағдарламалық модем қондырғысының, сондай-ақ, «темір» қондырғысының жиынтығы. Профиль — қанаттың, пропеллер қалағының қимасы.</p> <p>2. Әзербайжан: profil</p>

			<p>3. Қырғыз: Перейти</p> <p>4. Өзбек: profil</p> <p>5. Түрік: profil</p> <p>6. Ағылшын: profile</p> <p>7. Испан: perfil</p> <p>8. Неміс: Profil</p> <p>9. Француз: le profil</p> <p>10. Заңнама: профиль – бейін</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: профиль – бейін</p>
938.	ревизионная комиссия	ревизиялық комиссия	<p>1. лат. revisio – қайта қарау; жаңадан келу + лат. commissio – жарыс; біріктіру – бұл акционерлік қоғам басқармасының сайланған бақылау органы. Оның қызметтері қоғамды шұғыл немесе стратегиялық басқару емес, қоғамның қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерін тексеруді іске асыру.</p> <p>2. Әзербайжан: yoxlama komissiyası</p> <p>3. Қырғыз: аудит боюнча комитет</p> <p>4. Өзбек: audit komissiyasi</p> <p>5. Түрік: denetim komisyonu</p> <p>6. Ағылшын: audit committee</p> <p>7. Испан: comisión de auditoría</p> <p>8. Неміс: Prüfungskommission</p> <p>9. Француз: commission d'audit</p> <p>10. Заңнама: ревизионная комиссия – тексеру комиссиясы</p> <p>11. Бекітілген: ревизионная комиссия – ревизиялық комиссия, тексеру комиссиясы</p> <p>12. Ұсыныс: ревизионная комиссия – тексеру комиссиясы</p>
939.	реестр	реестр (тізілім)	<p>1. жаңа лат. regestrum, лат. regestum, поляк т. арқылы rejestr — тізімі, тізілім: Реестр — жүйелеу, есептеу формасы; тізімі, тізілім, тізімдеме, жүйе. Реестр — істерді, құжаттарды, мүліктерді және т.б. тіркеу кітабы. Бухгалтерлік есепте аналитикалық есептеу үшін карточкалар реестрі жасалады. Windows реестрі (ағылш. Windows registry) — Microsoft Windows тобындағы көптеген операциялық жүйелердегі параметрлер мен теңшеулердің иерархиялық деректер базасы. Реестр — қағаз және электронды</p>

			<p>тасымалдаушыларда болатын құжаттарды, істі және регистратор дайындайтын есеп кітаптарында белгіленген форма бойынша жазбалар жүйесін қамтитын ақпараттық ресурс.</p> <p>2. Өзербайжан: siyahı</p> <p>3. Қырғыз: каттоо</p> <p>4. Өзбек: ro'uxatga olish</p> <p>5. Түрік: kayıt</p> <p>6. Ағылшын: registry</p> <p>7. Испан: roster</p> <p>8. Неміс: Dienstplan</p> <p>9. Француз: liste</p> <p>10. Заңнама: реестр – тізілім</p> <p>11. Бекітілген: реестр – тізілім</p> <p>12. Ұсыныстар: реестр – тізілім</p>
940.	рекомендация	рекомендация (ұсыным)	<p>1. лат. recomendatio – кеңес –</p> <p>1) адамның немесе фирманың үміткерлігіне немесе қызметіне қолдау көрсету түріндегі жазбаша немесе ауызша жағымды пікір.</p> <p>2) кеңес, іс-әрекеттің белгілі бір бейнесі туралы нұсқау.</p> <p>2. Өзербайжан: tövsiyə</p> <p>3. Қырғыз: сунуш кылуу</p> <p>4. Өзбек: tavsiyalar</p> <p>5. Түрік: tavsiye</p> <p>6. Ағылшын: recommendation</p> <p>7. Испан: recomendación</p> <p>8. Неміс: Empfehlung</p> <p>9. Француз: recommandation</p> <p>10. Заңнама: рекомендация – ұсыным</p> <p>11. Бекітілген: рекомендация – кепілдеме</p> <p>12. Ұсыныстар: рекомендация – ұсыным</p>
941.	репатриант	репатриант, оралман	<p>1. лат. repatrians (род. п. repatriantis) – отанына оралушылар – экономикалық, әлеуметтік немесе жеке сипаттағы себептер бойынша тұрақты тұру мақсатында өздерінің туған еліне немесе азаматтық берген еліне өз еріктерімен көшіп келген тұлғалар.</p> <p>2. Өзербайжан: repatriasiya</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: vataniga qaytish</p> <p>5. Түрік: ülkesine geri göndermek</p> <p>6. Ағылшын: repatriate</p> <p>7. Испан: repatriar</p> <p>8. Неміс: repatriieren</p>

			<p>9. Француз: rapatrier</p> <p>10. Заңнама: репатриант – оралман</p> <p>11. Бекітілген: репатриант – оралман</p> <p>12. Ұсыныстар: репатриант – оралман.</p> <p>Оралман сөзі тілімізге еніп кетті.</p>
942.	сбалансированность	теңгерімділік	<p>1. лат. bilanx – екі ыдыстан – актив пен пассивтің, дебет пен кредиттің теңгерімі.</p> <p>2. Әзербайжан: balans</p> <p>3. Қырғыз: тең салмақтаулық</p> <p>4. Өзбек: muvozanat</p> <p>5. Түрік: denge</p> <p>6. Ағылшын: balance</p> <p>7. Испан: equilibrio</p> <p>8. Неміс: balance</p> <p>9. Француз: équilibre</p> <p>10. Заңнама: сбалансированность – теңгерімділік</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: сбалансированность – теңгерімділік</p>
943.	сборник типовых нормативов по труду	еңбек бойынша үлгілік нормативтер жинағы	<p>1. лат. norma – жапсырма; норма, ереже – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p> <p>2. Әзербайжан: standart əmək standartlarının tərtib edilməsi</p> <p>3. Қырғыз: Эмгек жөнүндө Типтүү жобо чогултуу</p> <p>4. Өзбек: standart mehnat standartlarini yaratish</p> <p>5. Түрік: standart çalışma standartlarının derlenmesi</p> <p>6. Ағылшын: compilation of standard labor standards</p> <p>7. Испан: compilación de normas laborales estándar</p> <p>8. Неміс: Zusammenstellung von Standardarbeitsnormen</p> <p>9. Француз: compilation des normes de travail standard</p> <p>10. Заңнама: типовой – үлгілік</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: сборник типовых нормативов по труду – еңбек бойынша үлгілік нормативтер жинағы</p>
944.	специфика работы	жұмыс спецификасы,	<p>1. ортағасырлық лат. specificus - ерекше, айрықша – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p>

		ерекшелігі	<p>2. Өзербайжан: işin spesifikliyi</p> <p>3. Қырғыз: иш өзгөчөлүктөрү</p> <p>4. Өзбек: ishning o'ziga xosligi</p> <p>5. Түрік: işin özgüllüğü</p> <p>6. Ағылшын: work specifics</p> <p>7. Испан: especificidad del trabajo</p> <p>8. Неміс: Spezifität der Arbeit</p> <p>9. Француз: spécificité du travail</p> <p>10. Заңнама: специфика – ерекшелік</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: специфика работы – жұмыс ерекшелігі</p>
945.	специализированный профиль	мамандан дырылған бейін	<p>1. лат. speciālis ерекше, айрықша + итал. profilo – профиль; контур – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p> <p>2. Өзербайжан: ixtisaslaşdırılmış profil</p> <p>3. Қырғыз: атайын кароо</p> <p>4. Өзбек: ixtisoslashgan profil</p> <p>5. Түрік: özel profil</p> <p>6. Ағылшын: specialized profile</p> <p>7. Испан: perfil especializado</p> <p>8. Неміс: spezialisiertes Profil</p> <p>9. Француз: profil spécialisé</p> <p>10. Заңнама: профиль – бейін</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: специализированный профиль – мамандандырылған бейін</p>
946.	срок обращения	өтініш беру (подача заявл), жүгіну мерзімі	<p>1. Өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p> <p>2. Өзербайжан: dövr müddəti</p> <p>3. Қырғыз: жүгүртүү мөөнөтү</p> <p>4. Өзбек: rouming davri</p> <p>5. Түрік: dolaşım periyodu</p> <p>6. Ағылшын: period of circulation</p> <p>7. Испан: período de circulación</p> <p>8. Неміс: Umlaufzeit</p> <p>9. Француз: période de circulation</p> <p>10. Заңнама: срок обращения – айналыс мерзімі</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: срок обращения – жүгіну мерзімі; айналыс мерзімі</p>
947.	ставка добровольных пенсионных взносов	ерікті зейнетақы жарналарының	<p>1. лат. pēnsio – төлем – ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақыны қамтамасыз ету туралы шарт арқылы анықталатын, бірыңғай зейнетақы жинақ қорына және</p>

		мөлшерле месі	<p>(немесе) ерікті зейнетақы жинақ қорына төленетін төлем көлемі.</p> <p>2. Өзбекбайжан: könüllü pensiya ödänişlärinin дәгәсәси</p> <p>3. Қырғыз: ықтыярдуу пенсиялық төләмдөрүнүн чени</p> <p>4. Өзбек: ixtiyoriy pensiya to'lovlari stavkasi</p> <p>5. Түрік: gönüllü emeklilik primleri oranı</p> <p>6. Ағылшын: rate of voluntary pension contributions</p> <p>7. Испан: tasa de contribuciones voluntarias a la pensión</p> <p>8. Неміс: Rate der freiwilligen Rentenbeiträge</p> <p>9. Француз: taux de cotisations volontaires de retraite</p> <p>10. Заннама: ставка добровольных пенсионных взносов – ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: ставка добровольных пенсионных взносов – ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі</p>
948.	ставка налога	салық мөлшерле месі	<p>1. Салық базасының өлшем бірлігіне есептелінетін салық аударымдарының мөлшері. Салықтың міндетті элементтерінің бірі болып табылады. Салық мөлшерлемесі салық төлеушінің кірісіне қатысты пайызбен өрнектелген жағдайда, әдетте, оны салық квотасы деп атайды.</p> <p>Негізгі түрлері:</p> <p>Қатты — салық базасының көлеміне карамастан салық салу бірлігіне қатысты абсолютті сомада белгіленеді.</p> <p>Пайыздық, олар былайша бөлінеді:</p> <p>Пропорционалды (адвалорлы) — салық базасының көлемін ескермегенде, оның бірдей пайызында әрекет етеді.</p> <p>Прогрессивті — салық базасының өсуіне қарай өседі.</p> <p>Регрессивті – салық базасының төмендеуіне қарай өседі.</p> <p>2. Өзбекбайжан: vergi дәгәсәси</p> <p>3. Қырғыз: салық баасы</p> <p>4. Өзбек: soliq stavkasi</p> <p>5. Түрік: vergi oranı</p>

			<p>6. Ағылшын: tax rate 7. Испан: tasa de impuestos 8. Неміс: Steuersatz 9. Француз: taux d'imposition 10. Заңнама: ставка – ставка, мөлшерлеме 11. Бекітілген: ставка налога – салық мөлшерлемесі 12. Ұсыныстар: ставка налога – салық мөлшерлемесі</p>
949.	ставка комиссионног о вознагражден ия	комиссия лық сыйақы мөлшерлем есі	<p>1. лат. commissio – жарыс; бірігу – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық. 2. Әзербайжан: komissiya dərəcəsi 3. Қырғыз: комиссия баасы 4. Өзбек: komissiya kursi 5. Түрік: komisyon oranı 6. Ағылшын: commission rate 7. Испан: tasa de comisión 8. Неміс: Provisionsatz 9. Француз: taux de commission 10. Заңнама: ставка – ставка, мөлшерлеме 11. Бекітілген: 12. Ұсыныстар: ставка комиссионного вознаграждения – комиссиялық сыйақы мөлшерлемесі</p>
950.	ставка обязательных пенсионных взносов	міндетті зейнетақы жарналары ның мөлшерле месі	<p>1. лат. pēnsio – төлем – міндетті зейнетақы жарнасын есептеу үшін қабылданатын салымшының кірісіне және (немесе) жалақысынан (кірісінен) айырылуға байланысты залалдың орнын толтыру ретінде іске асырылатын сақтандыру төлемдеріне пайыздық қатынаспен өрнектелген, бірыңғай зейнетақы жинақ қорына төленетін төлем мөлшері. 2. Әзербайжан: məcburi pensiya töhfəsi nisbəti 3. Қырғыз: Милдеттүү пенсиялық төлөмдөрүнүн чени 4. Өзбек: majburiy pensiya ta'minoti stavkasi 5. Түрік: zorunlu emeklilik primleri oranı 6. Ағылшын: rate of compulsory pension contributions 7. Испан: tasa de contribuciones obligatorias a la pensión 8. Неміс: Satz der obligatorischen Rentenbeiträge 9. Француз: taux des cotisations de retraite obligatoires</p>

			<p>10. Заңнама: ставка – ставка, мөлшерлеме</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: ставка обязательных пенсионных взносов – міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі</p>
951.	ставка социальных отчислений	әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі	<p>1. лат. socialis – жолдастық, некелестік, одақтастық – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің шамасына пайыздық қатынаспен көрсетілген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері.</p> <p>2. Әзербайжан: sosial töhfə dərəcəsi</p> <p>3. Қырғыз: коомдук Салымдарымды курсу</p> <p>4. Өзбек: ijtimoiy hissa ulushi</p> <p>5. Түрік: sosyal katkı oranı</p> <p>6. Ағылшын: social contribution rate</p> <p>7. Испан: tasa de contribución social</p> <p>8. Неміс: Sozialbeitragssatz</p> <p>9. Француз: taux de cotisation sociale</p> <p>10. Заңнама: ставка социальных отчислений – әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: ставка социальных отчислений – әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі</p>
952.	статус беженца	босқын статусы	<p>1. лат. status – қалып, тұрған тұрыс, жағдай – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p> <p>2. Әзербайжан: qaçqın statusu</p> <p>3. Қырғыз: качкын статусу</p> <p>4. Өзбек: qochoq maqomi</p> <p>5. Түрік: mülteci durumu</p> <p>6. Ағылшын: refugee status</p> <p>7. Испан: estado de refugiado</p> <p>8. Неміс: Flüchtlingsstatus</p> <p>9. Француз: statut de réfugié</p> <p>10. Заңнама: статус беженца – босқын мәртебесі</p> <p>11. Бекітілген: статус – статус, мәртебе</p> <p>12. Ұсыныстар: статус беженца – босқын мәртебесі</p>
953.	тенденция	тенденция	<p>1. лат. tendo — бағыттаймын, ұмтыламын — белгілі бір оқиғалардың белгілі бір бағытта даму мүмкіндігі.</p> <p>Экономикадағы анықтамасы: экономикалық</p>

		<p>талдау нәтижесінде анықталған, бақыланатын тұрақты арақатынаста, экономикалық жүйеге, ел экономикасына тән қасиеттер, белгілер, кәсіпорындар, фирмалар, кіріс, шығыс көрсеткіштері, тауарлар мен қызметтер нарығындағы сұраныс пен ұсыныс; экономикалық процестердің бағыттылығы қалыптасқан. Тенденция негізінде болашақтағы экономикалық процестердің барысы туралы қорытынды жасауға болады, экономикалық көрсеткіштерді болжауға болады.</p> <p>Өнердегі анықтамасы: автордың көрсетілген шындыққа деген идеялық-эмоционалды қатынасы, бейнелер жүйесі арқылы көрініс тапқан мәселелер мен сипаттарды зерделеу және бағалау (жасырын немесе тікелей). Бұл тұрғыдан алғанда, тенденция — көркем идеяның органикалық бөлігі, оның құндылық аспектісі және кез келген көркем туындыға тән. Тенденция сөзінің синонимі ретінде пафоса деген ұғым жиі қолданылады.</p> <p>Қолданыстағы және тар мағынадағы тенденция деп әлеуметтік, саяси, моральдық-идеологиялық күштарлықты, суретшінің ниетін, ерікті түрде немесе еріксіз түрде ашық білдіруді атайды.</p> <p>Тенденция және біржақтылық ұғымдары ХІХ ғасырдың ортасында, яғни, реализм кемелденген кезеңде, сонымен қатар өнердің идеялылығына күмән келтірген, жаратылыстану ғылымдарының «күштарсыздығына» бағытталған натурализмнің алғашқы белгілері кезінде теңдестірілген.</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Әзербайжан: trend 3. Қырғыз: ык 4. Өзбек: trend 5. Түрік: eğilim 6. Ағылшын: trend 7. Испан: tendencia 8. Неміс: Trend 9. Француз: tendance 10. Заңнама: тенденция – үрдіс 11. Бекітілген: тенденция – үрдіс 12. Ұсыныстар: тенденция – үрдіс
--	--	--

954.	типовые нормы времени	үлгілік уақыт нормалары	<p>1. еж. грек. τύπος – соққы, із, таңба + лат. norma – жапсырма; норма, ереже – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p> <p>2. Әзербайжан: standart vaxt normaları</p> <p>3. Қырғыз: Typical стандарт убактысы</p> <p>4. Өзбек: standart vaqt normalari</p> <p>5. Түрік: standart zaman normlari</p> <p>6. Ағылшын: standard time norms</p> <p>7. Испан: normas de tiempo estándar</p> <p>8. Неміс: Standardzeitnormen</p> <p>9. Француз: normes de temps standard</p> <p>10. Заңнама: типовые нормы времени – үлгілік уақыт нормалары</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: типовые нормы времени – үлгілік уақыт нормалары</p>
955.	типовое положение	үлгілік ереже	<p>1. еж. грек. τύπος – соққы, із, таңба – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p> <p>2. Әзербайжан: növü mövqeyi</p> <p>3. Қырғыз: типтүү жобо</p> <p>4. Өзбек: manzilni kiriting</p> <p>5. Түрік: tip pozisyon</p> <p>6. Ағылшын: type position</p> <p>7. Испан: tipo de posición</p> <p>8. Неміс: Position eingeben</p> <p>9. Француз: position de type</p> <p>10. Заңнама: типовое положение – үлгі ереже</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: типовое положение – үлгі ереже</p>
956.	типовой договор	үлгілік шарт	<p>1. еж. грек. τύπος – соққы, із, таңба – стандартты шарттары мен анықтамалары бар, стандартты, типтік, типографиялық тәсілмен басып шығарылған шарт нысаны. Үлгі шарттың барлық талаптары сатушылар мен сатып алушылар арасында алдын ала келісілген. Үлгі шарт белгілі бір тауарларға немесе белгілі бір сауда түрлеріне ғана қолданылады. Сауда келіссөздері аяқталғаннан кейін үлгі шартқа саны, бағасы және басқа да қосымша келісілген шарттары көрсетілген тауар спецификациясы тіркеледі.</p> <p>2. Әзербайжан: standart müqavilə</p> <p>3. Қырғыз: типтүү келишим</p> <p>4. Өзбек: standart shartnoma</p>

			<p>5. Түрік: standart sözleşme</p> <p>6. Ағылшын: standard contract</p> <p>7. Испан: contrato estándar</p> <p>8. Неміс: Standardvertrag</p> <p>9. Француз: contrat standard</p> <p>10. Заңнама: типовой договор – үлгі шарт</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: типовой договор – үлгі шарт</p>
957.	участник системы обязательного социального страхования, за которого производились социальные отчисления	ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы	<p>1. еж. грек. σύνστημα – құрастырылған; құралған + лат. socialis – жолдастық, некелік, одақтық + лат. socialis – жолдастық, некелік, одақтық + еж. грек. σύνστημα – құрастырылған; құралған – өзіндік ұғымын кездестіре алмадық.</p> <p>2. Әзербайжан: məcburi sosial sığorta sisteminin iştirakçısı olan, sosial yardımlardan ibarət olanlar</p> <p>3. Қырғыз: бул коомдук салымдары үчүн милдеттүү камсыздандыруу системасынын катышуучусу</p> <p>4. Өзбек: Ijtimoiy to'lovlar amalga oshiriladigan majburiy ijtimoiy sug'urta tizimi qatnashchisi</p> <p>5. Түрік: Sosyal katkılarını yapıldığı zorunlu sosyal sigorta sisteminin katılımcısı</p> <p>6. Ағылшын: participant of the mandatory social insurance system, for which social contributions were made</p> <p>7. Испан: participante del sistema obligatorio de seguridad social, para el cual se hicieron contribuciones sociales</p> <p>8. Неміс: Teilnehmer des obligatorischen Sozialversicherungssystems, für das Sozialbeiträge entrichtet wurden</p> <p>9. Француз: participant du système d'assurance sociale obligatoire, pour lequel des cotisations sociales ont été</p> <p>10. Заңнама:</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: Термин емес. Жай сөйлем. «Әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы» деп ол үшін деген тіркессіз аудару беруге болады.</p>
958.	формализация	формализация	<p>1. лат. forma – форма, түр, бейне – логикалық ерекшеліктерін, дедуктивті және айқын мүмкіндіктерді зерттеу мақсатында</p>

			<p>нысандандырылған теорияның түсінік мағыналары мен білдіру мәнінен айырмашылығын қамтамасыз ететін танымдық операциялардың жиынтығы.</p> <p>2. Әзербайжан: formalaşdırma</p> <p>3. Қырғыз: каттоо</p> <p>4. Өзбек: rasmiylashtirish</p> <p>5. Түрік: resmileştirme</p> <p>6. Ағылшын: formalization</p> <p>7. Испан: formalización</p> <p>8. Неміс: Formalisierung</p> <p>9. Француз: formalisation</p> <p>10. Заңнама:</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: формализация – формализация</p>
959.	экспертная группа	сараптау тобы	<p>1. лат. expertus – тәжірибесінен білетін + итал. gruppo – кесек; <i>топ</i> – техникалық шарттарға және / немесе ұсынылған құжаттарға сараптама жүргізетін, тиісті профильдегі мамандар тобы.</p> <p>2. Әзербайжан: ekspert qrupu</p> <p>3. Қырғыз: эксперттик топ</p> <p>4. Өзбек: ekspertlar guruhi</p> <p>5. Түрік: uzman grubu</p> <p>6. Ағылшын: expert group</p> <p>7. Испан: grupo de expertos</p> <p>8. Неміс: Expertengruppe</p> <p>9. Француз: groupe d'experts</p> <p>10. Заңнама: экспертная группа – сараптамалық топ</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: экспертная группа – сараптамалық топ</p>
960.	юрисконсульт	заң кеңесшісі	<p>1. лат. jusjuris – құқық + лат. consultans – кеңес беретін – мекемеде заң мәселелерін шешумен айналысатын және оның мүддесін қорғайтын тұлға.</p> <p>2. Әзербайжан: hüquqi məsləhətçi</p> <p>3. Қырғыз: акыл</p> <p>4. Өзбек: yuridik maslahatchi</p> <p>5. Түрік: yasal danışman</p> <p>6. Ағылшын: legal adviser</p> <p>7. Испан: asesor legal</p> <p>8. Неміс: Rechtsberater</p>

			<p>9. Француз: conseiller juridique</p> <p>10. Заңнама: юрисконсулыт – заң конусулытаны</p> <p>11. Бекітілген:</p> <p>12. Ұсыныстар: юрисконсулыт – заң кеңесшісі</p>
961.	юридические реквизиты	заңды деректемелер	<p>1. лат. jusjuris – құқық + лат. requisitum – қажеттілік – жарамды деп тану үшін (мысалы, құжат атауы, оның жасалған күні, төленетін сомасы, төлеушінің атауы) актіде немесе өзге құжатта (мысалы, шартта, чекте, вексельде) болуы тиіс мәліметтер.</p> <p>2. Әзербайжан: hüquqi zərurətdir</p> <p>3. Қырғыз: юридикалык маалымат</p> <p>4. Өзбек: huquqiy rekvizitlar</p> <p>5. Түрік: yasal şartlar</p> <p>6. Ағылшын: legal requisites</p> <p>7. Испан: requisitos legales</p> <p>8. Неміс: rechtliche Anforderungen</p> <p>9. Француз: conditions légales</p> <p>10. Заңнама: реквизит – реквизит</p> <p>11. Бекітілген: реквизит – реквизит, деректеме</p> <p>12. Ұсыныстар: реквизит – реквизит, деректеме</p>
962.			
963.	человечество	адамзат, адам баласы, адамгершілік	<p>1. человекество – жер бетін бұрын-соңды мекендеген барлық адамдар жиынтығы. Кейде бұл термин қазіргі кезде жер бетінде өмір сүретін адамдарды білдіреді. (https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A7%D0%B5%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%87%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE). –</p> <p>Адамзат. зат есім. 1. Заты, жаратылысы, тегі адам. Адамзатысың? Перімісің? – деп ақырып қалдым. Дауысы өлімсіреп әрең шығып: – Мен бір сорлы бейбақпын, шошымаңыз, – деді (Ж.Аймауытов, Шығармалары). 2. [иран. آدمي زاد] Бүкіл адам баласы. Адамзат неше түрлі жиһан толған һәр дінде, һәр мәзһәпте және болған (М.Дулатов, Шығармалары). Адамзат не болады болмаса көз, Жалғаншы гулеп бастан етеді тез (Базар жырау, Шығармалары). Жан-жануар, адамзат бәрі де жаратылыстың жақсылығына зар (С.Дөнентаев,</p>

			<p>Шығармалары). (https://kitap.kz/)</p> <p>Адамгершілік. Зат есім. 1. Адам бойындағы қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін ахлақ ұғымы. Ол – сонымен қатар адамгершілігі күшті, уәдеге берік, серттен таймайтын адам (М.Ғабдуллин, Қазақ халқының ауыз әдебиеті). Жақсы жігіт өзінің адамгершілігін жақсы ісімен танытады (Ө.Әлішев, Батыр болып тумайды). (https://kitap.kz/)</p> <p>2. Әзербайжан: insanlıq 3. Қырғыз: адамзат 4. Өзбек: insoniyat 5. Түрік: insanlık 6. Ағылшын: humanity 7. Испан: humanidad 8. Неміс: Menschheit 9. Француз: l'humanité</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: <i>человечество – адамзат, адам баласы (2016 жылғы 8 желтоқсан); общественная нравственность – қоғамда адамгершілік (1981); нравственные принципы – адамгершілік қағидаттары (2016 жылғы 8 желтоқсан)</i></p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: <i>человечество – адамзат, адам баласы (іс жүргізу); человечество – адамгершілік (заңтану); нравственность – адамгершілік (іс жүргізу)</i></p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>человечество – адамзат; адамгершілік – нравственность</i></p> <p>13. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармасын, заңнамадағы қолданысын негізге ала отырып, орыс тіліндегі «человечество» сөзінің баламасы ретінде қазақ тілінде «адамзат» сөзі қолданылуы керек деген тұжырым жасаймыз.</p>
964.	зона	аймақ, зона	1. Зона – грек. zone – белдеу.

Зона – 1) Қандай да бір ортақ белгісімен сипатталатын кеңістік, аудан; 2) Табиғи ортақ белгілері тән болып келетін жер шарының белдеуі, ауданы; 3) Қандай да бір қызметімен сипатталатын, қандай да бір жұмысты атқаруға арналған, организмнің, құрылғының, өнеркәсіптік кешеннің бір бөлігі; 4) сөйлеу. Сотталғандарды түзеу-еңбек колониясында қамап ұстауға арналған жазасын өтеу орны (<https://www.efremova.info/word/zona.html#.Wrs cG9RuaM8>)

Зона. Зат есім. 1. Аралық бос жер, кеңістік алаң. Шегаралық з о н а н ы ң үстінен жорғалап өткен тышқан да көзден таса қала алмайды (Ж.Молдағалиев, Жүрек қазынасы). 2. г е о г р а ф и я л ы қ. Аймақ. (табиғи жағдайлары, флора, фауна т.б. ортақ Жер шарының белдеуі)..Жер шарында климатқа, топыраққа, өсімдікке т.б. қарай бөлінетін з о н а л а р бар (География оқулығы). (<https://kitap.kz/>)

Аймақ. Зат есім. 1. г е о г р а ф и я л ы қ. Физикалық-географиялық аудандастырудың жоғарғы өлшемдерінің бірі..А й м а қ – геологиялық құрылымы тұтас, жер бедері ұқсас территориялық бөліктің бір түрі (Қ.Құрманов, Физикалық география). 2. Әкімшілік-аумақтық бөлініс, өлке, өңір, атырап. Әлгі айтқандардың бәрі қазақтың бір а й м а ғ ы н д а, я бір руында ғана болмай, әр елінде, әр жерінде болғандықтан, қазақты антропология жағынан сынаушыларға мұндай түрлері кез келе беруі мүмкін (М.Дулатов, Шығармалары). Алты жыл қимай күткен ауыл, а й м а қ Алдыңнан кесе өткем жоқ, Құдай айғақ (С.Торайғыров, Мағынасыз мешіт). А й м а ғ ы Жетісудың – жеті дуан, Найман мен Жалайырлар, Албан, Суан. Түрлі ел тұс-тұсынан келіп жатыр, Күжілдеп болыс, билер құрып думан (К.Әзірбаев, Таңдамалы шығармалар). 3. Айнала, маңай, төңірек. Лагерь а й м а ғ ы тікенек сыммен қоршалған (Қ.Исабаев, Ажал құрсауында). А й м а ғ ы н көк жасыл төбелер қоршаған шағын село күн нұрына шомылып

күреңденеді (М.Иманжанов, Менің махаббатым). Еңбектің сәті бір думан, Қағады кейде жыр қанат, Таусылар емес тау қырман, Ай ма қ қ а төне тұр қарап (Ғ.Қайырбеков, Құрдас). (<https://kitap.kz/>)

Аумақ. Зат есім. 1. Атырап, аймақ, алқап..Таңертең немесе күндіз белгілі бір а у м а қ т а н бой көрсеткен қыран құс кешке қарай сол маңнан тояттамайынша, әрі қарай еш уақытта кете бермейді (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Қақаған үскірік күні кеше тебіндікті тар көріп бытырап жайылған жылқыны аз а у м а қ қ а жиыстырып келеді (М.Дүзенов, Ақ әже). Жиынға а у м а қ болып қауымдасқан жұрттың тайлы-таяғына дейін қалмай қара нөпір болып жиналса керек («Қазақ әдебиеті»). 2. Мөлшер, көлем, ауқым..Жамбыл облыстық колхозаралық ұйымының жылжымалы механикаландырылған колоннасына жұмысқа орналасты. Бұл колоннаның жұмыс а у м а ғ ы кең (К.Баялиев, Жер.). Бұл бір а у м а ғ ы жүз үйден кем емес қарақұрым қыстаудан құралған ауыл екен (Ө.Қанахин, Жер басып жүрсем). Көлшіктің а у м а ғ ы шағын болғандықтан ба, жүзіп жүрген жабайы үйрек, қаз Айбекке соншалық көп көрінді (Б.Мұқаев, Жалғыз жаяу). 3. г е о г р а ф и я л ы қ. <латын. territorium>. Шегарасы белгіленген ішкі және жағалаудағы сулар мен аспан кеңістігін қоса алғандағы жер ауданы..1925 жылға қарай Қазақстанда мақта егісінің а у м а ғ ы дүниежүзілік бірінші империалистік соғысқа дейінгі дәрежесінен асып түсіп, 29300 гектарға жетті (М.Майлыбаев, Қазақстандағы мақта шаруашылығы). Каспий осындай зор а у м а қ т ы алып жатқан кең көлеміне байланысты теңіз деп аталғанымен, шынында көл. Өйткені ол ешқандай бұғаз арқылы мұхитпен байланыспайды (Ә.Бірмағамбетов, Қазақстан географиясының хрестоматиясы). Прокуратура – мемлекеттің атынан бүкіл елдің а у м а ғ ы н д а заңдардың қолданылуына жоғары қадағалау жасаушы және бұл Ата Заңда өте анық әрі орынды жазылған («Егемен Қазақстан»).

			<p>(https://kitap.kz/)</p> <p>2. Әзербайжан: sahəsi 3. Қырғыз: зона 4. Өзбек: olgan 5. Түрік: bölge 6. Ағылшын: zone 7. Испан: área 8. Неміс: Bereich 9. Француз: zone</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: <i>зона – аймақ</i> (2003 жылғы 11 желтоқсан; 2006 жылғы 23 желтоқсан); <i>зона управления – басқару аймағы</i> (2015 жылғы 14 желтоқсан); <i>энергетическая зона – энергетикалық аймақ</i> (2016 жылғы 28 маусым); <i>зона резервная – резервтік аймақ</i> (2016 жылғы 28 маусым); <i>зона стихийного бедствия – дүлей зілзала аймағы</i> (2016 жылғы 9 желтоқсан)</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: <i>зона – аймақ</i> (іс жүргізу, заңтану; экономика); <i>зона – аймақ, аумақ, зона</i> (педагогика); <i>зона – зона</i> (география)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: <i>зона – аймақ, зона</i></p> <p>13. «Зона» сөзі орыс тіліне грек тілінен (zone – «белдеу») енген. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармасын, заңнамадағы қолданысын негізге ала отырып, орыс тіліндегі «зона» сөзінің баламасы ретінде қазақ тілінде «аймақ» сөзінің, ал нақты ғылым саласына (мысалы, география) қатысты «зона» сөзінің қолданылғаны дұрыс деп санаймыз.</p>
965.	установление материнства	ана болуды анықтау, аналықты анықтау	<p>1. Матерінство – 1) Әйелдің жүктілік, бала туу, емізу кезеңіндегі жай-күйі; 2) Әйелдің балаларға деген өзіндік сезімі, ана атану ниеті. (https://kartaslov.ru/материнство)</p> <p>Ана. Зат есім. 1. Елге сыйлы, жасы үлкен</p>

әйел адам. Кейбір қазақ руларының елдігін танытатын ұрандары да а н а л а р есімімен аталған (ҚҰӘ). Соңғы жылдары қатты қартайған және ұзақ аурулы болған Ұлжан ана, е л а н а с ы, көбінше ақырын, баяу, үнсіз өмір кешіпті (М.Әуезов, Абай жолы). Көп үйлі, көп ауыл-аймақтың а н а с ы есепті болған Ұлжаннан базарлық дәмететін жандар да аз емес (М.Әуезов, Шығармалары). Сөйтіп етектерінен ұл саулаған қазақтың екі қызы екі рулы елге а н а болып қана қоймай, сол елдердің есіміне, ұранына айналыпты (Қ.Жұмаділов, Дарабоз). 2. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. п о э т и к а л ы қ. Негіз, түп, тамыр. Барынша шамасы суыққа қашпақшы, Мұз теңіз-а н а с ы құшағын ашпақшы (М.Жұмабаев, Шығармалары). Айналайын, ақ бұлақ, а н а-бұлақ, Бір көргеннен қалдың-ау маған ұнап (И.Сапарбаев, Ғашықтың тілі). Үргеніш шешені: – Сөз анасы не? Су анасы не? Жол анасы не? – деп сұрайды. Сырым батыр: – Сөз а н а с ы – құлақ, Су анасы – бұлақ, Жол анасы – тұяқ! – деп жауап береді (Шешендік сөздер). Жер-а н а н ы ң сұлулығын былай қойып енді өсімдіктану пәнінің негізгі салаларына көшуіңіз мүмкін (І.Есенберлин, Шығармалары). – Әрине, қай жерде болса да адам дегеннің бәрі бірдей ғой, – деді өз сұрағына жауап қайтарып, – мейлі, тек Отан-а н а алдындағы борыштарын ұмытпаса болғаны... (І.Есенберлин, Шығармалары). 3. Баланың туған шешесі; балалы әйел. «Сүймеймін, басқа кімге бұйырса да көнейін, осы жаннан маған азаттық әперсін», – деп әкеме өз а н а м д ы да, мынау кіші анамды да екі рет салып едім, ырзалық ала алмадым (М.Әуезов, Шығармалары). Балаға деген а н а мейірімі, оның оттан да ыстық махаббаты қандай күшті болса, а н а с ы н а деген баласының сүйіспеншілігі одан да күшті еді (І.Есенберлин, Шығармалары). Көрмесе бір сәт қайдалап, Тынымсыз жаны аңсаумен, Сүйе ме а н а н аймалап, Айтшы сен, айтшы, жан сәулем (Т.Айбергенов, Мен саған ғашық едім). 4. Сонау, ана бір, анау. А н а жылы қасқа атын

орысқа әпергеннен бері оның ішіне қан қатулы болатын (Ж.Аймауытов, Шығармалары). – Маған Оспан істеген істі үлгі қылма, сен. Оспан дүниеліктің құлы болса, а н а қасындағы тақыр кедей Жансейіт не қылып отыр? (М.Әуезов, Қилы заман). Біз мынау алаяқтардан ірге айырғалы а н а бір төбенің басына жиналамыз (Ғ.Мүсірепов, Кездеспей кеткен бір бейне). А н а жолы кішкентай ұлын атасының қолында қалдырып, жаяу әскер рота командирі, аға лейтенант Атымтай жұмыс істеуге осы рудникке келген (І.Есенберлин, Шығармалары). (<https://kitap.kz/>)

Аналық. Зат есім. 1. з о о л о г и я л ы қ. **Төлдейтін ұрғашы мал, жан-жануар.** Әрбір а н а л ы қ отыз мыңдай уылдырық әкетіп барады. Уызға оралған уылдырыққа жетер тамақ қайсы! (Ғ.Мүсірепов, Өмір жорығы). Жобасы тағы бір бұлан бұталарды қирата басып мұны іздеп келе жатқандай. Бұл бұрыла қарағанда көсем бұлан үйіріне бір уыс ақ қылшық біткен а н а л ы қ т ы ң еміне ентелеп келіп қалғандығын аңғарды («Қазақ әдебиеті»).

2. б о т а н и к а л ы қ. Өсімдіктердің көбеюіне қатысатын ұрықтанатын, аталыққа қарсы мүшесі..Жыныстық көбеюде а н а л ы қ және аталық тұқым клеткаларының қосылуынан пайда болатын зигота клеткасынан жаңа организм дамиды (ҚҰЭ). Өзге дәнді дақылдардың көпшілігінен бір өзгешелігі жүгерінің гүл шоғырлары айырым жынысты болады, яғни а н а л ы қ және аталық гүл шоғырлары бір өсімдікте, бірақ бөлек өседі (М.Ерлепесов, Тұқым өсіруге көмекші). Олар дені сау гүлдердің а н а л ы қ аузына барып түседі де, сол жерде өніп, жатынға енеді, ал одан соң ұрыққа барады (Ж.Жиенбаев, Астық дақылдарының қаракүйесі және онымен күрес).

3. Анаға тән. Аздан соң көп жылаулар басылып, Қаражан жалғыз өзі а н а л ы қ зарын шығарып, азырақ жоқтау айтты (М.Әуезов, Шығармалары). А н а л ы қ жүрек баланың ада-гүде жазылғанына әлі де сенбейді (С.Мәуленов, Шыңдағы шұғыла). Әйел бұған аса бір сүйкімді

а н а л ы қ мейірімділікпен қарап тұр екен (С.Бақбергенов, Менің досым). (<https://kitap.kz/>)

Анықта. Етістік. 1. Дұрыстау..Шофер жігіт а н ы қ т а п қарай да алған жоқ, Сұлтаннның асықтыруымен қатты жүріп келе жатқан жеңіл машина кенет бірдемеге тірелгендей болды да, гүрс-гүрс секіріп, анандай жерге ұшып түсті (І.Есенберлин, Шығармалары). 2. Бір заттың анық-қанығына көзі жету, білу, ұғыну..Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай Құлмамбет сөз сөйлейсің а н ы қ т а м а й. Айтатұғын кісінің өзіне айтқын Делбе сүзек кісідей шалықтамай (Жамбыл, Шығармалары). 3. Анық ету, дәлдеу, айқындау..Абайдың өлеңдерін тергегенде бірінші баспасындағы кемшіліктерді жоюға, сөздерін а н ы қ т а п дұрыстауға қолдан келген шаралар қылынды (Х.Досмұхамедұлы, Шығармалары). 1858 жылы Рудольф Вихров әрбір жасуша өзіндей жасушаның бөлінуі арқылы пайда болатынын а н ы қ т а д ы (Тіршіліктану). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: analıq

3. Қырғыз: эне белгилөө

4. Өзбек: tug'ruq

5. Түрік: analık kurulması

6. Ағылшын: maternity

7. Испан: maternidad

8. Неміс: Mutterschaft

9. Француз: maternité

10. Бекітілген нұсқасы: *установление – белгілеу (2010 жылғы 23 желтоқсан);
установление личности – жеке басын анықтау (2013);
установление карантина – карантин жариялау (2015 жылғы 6 қазан),
установление – орнату; установление отцовства – әкелікті анықтау (2016 жылғы 7 желтоқсан)*

11. Сөздіктердегі аудармалары: *установление материнства – аналықты анықтау (заңтану);
психология материнства – аналық психология (педагогика);
материнство – аналық (медицина);
установление – орнату, белгілеу, анықтау*

12. Заңнамадағы қолданысы: *установление*

			<p><i>отцовства (материнства)- әке (ана) болуды анықтау; әке (ана) болуды белгілеу; установление отцовства - установление регистрирующим органом либо в судебном порядке отцовства в отношении ребенка лица, не состоящего в браке (супружестве) с матерью ребенка – әке болуды анықтау - баланың анасымен некеге тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) адамның балаға қатысты әке болуын тіркеуші органның анықтауы не сот тәртібімен анықтау;</i></p> <p>13. Орыс тіліндегі «установление» және «материнство» сөздерінің бекітілген терминдер сөздігінде баламаларын, салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларын және заңнамадағы қолданысын сараптай келе, орыс тіліндегі «установление материнства» сөз тіркесін қазақ тіліне «ана болуды анықтау» сөз тіркесімен аудару қажет деп ойлаймыз.</p>
966.	функция	функция, қызмет, атқарым	<p>1. Функция – лат. functio – орындау, іске асыру, қызметтік міндет.</p> <p>Функция – элементтер арасындағы қатынас, мұнда бір элемент екіншісінің өзгеруіне алып келеді</p> <p>(https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D1%83%D0%BD%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F)</p> <p>Функция. Зат есім. 1. [латын. functio] Өзіндей басқа бір өзгеріске тәуелді, соның әуенімен бірге өзгертін құбылыс..Бағаның халық шаруашылығында айрықша маңызы бар, сондықтан да ол көптеген экономикалық функцияны атқарады (Қ.Нұрғалиев, Сүт өндірудің тиімді жолдарын арттыру). 2. м а т е м а т и к а л ы қ. Айнымалы шамалар арасындағы тәуелділікті білдіретін математикалық ұғым.. Ф у н к ц и я ұғымы мектептің бүкіл математика курсына кездеседі, алайда ол балалардың жас ерекшеліктеріне орай ұзақ уақыт ішінде біртіндеп енгізіледі («Қазақстан мектебі»). 3. Дене мүшелерінің, организмнің атқаратын қызметі. Сүтқоректілерде орган</p>

саны көп және олардың әрқайсысы өзіне тән әр түрлі функцияларды атқарады (Т.Күлтебаев, Қой төлінің түрлі жағдайда өсіп-жетілуі). 4. ауыспалы мағына. Белгілі бір нәрсенің ролі, маңызы. Сонда ғана өзеннің, судың адам өмірінде атқаратын функциясы ақталып, заңдылық табатын сияқты (С.Еркебаев, Жолдар мен шақырымдар). 5. Қызмет бабына байланысты, жүктелген міндет, атқаруға тиісті істердің жалпы аумағы.

[\(https://kitap.kz/\)](https://kitap.kz/)

Қызмет. Зат есім. 1. [араб]. **Еңбек ету аясындағы жұмыс; кәсіп.** Сол сияқты хабарларға жалғаса бір күні Азамат Азаматықтың Қарасай қаласына қызметке келгендігі тарады (Б.Майлин, Азамат Азаматыч). Үлкен қызмет, жұмысы маңызды. Қызметке әбден орнығып қалды, құдайға шүкір, абырой-атағы да жаман емес (Т.Нұрмағамбетов, Ескі үймен қоштасу). 2. ауыспалы мағына. Бір нәрсенің мәні; маңызы, орны..– Машина өз алдына, жылқы өз алдына, әрқайсысының орны, қызметі басқа-басқа (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Бұл – қазақ поэзиясының келешегі, оның қоғамдық қызметі туралы мәселе (С.Қирабаев, Октябрь және қазақ әдебиеті). Шаруа адамына сиыр малы неліктен қадірлі, жылқының қызметі немесе түйенің пайдасы қандай? (М.Ғабдуллин, Қазақ ауыз әдебиеті).

[\(https://kitap.kz/\)](https://kitap.kz/)

Атқарым. Зат есім. 1. Орындалған, жүзеге асқан іс, іс-әрекет. Атқарымы жоғары.

[\(https://kitap.kz/\)](https://kitap.kz/)

Атқарым баспалдақтары. Тұрақты тіркес. 1. экономикалық. Қандай да бір өндірістік мекеме қызметінің маңызды бағыттарын анықтап, оларды жүзеге асыруда қолданылатын қағидаттар. Атқарым баспалдақтары

– фирма қызметінің шешуші стратегиялық бағыттарын анықтау және оларды өндірістік-өткізу құрылымының қолданылып жүрген баспалдақтары (басқару қағидаттары) (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). (<https://kitap.kz/>)

Маркетинг атқарымы. Тұрақты тіркес.

1. э к о н о м и к а л ы қ. Өзара байланысты іс-қимыл жасайтын ішкі және сыртқы ортаны талдау; рыноктарды талдау; тұтынушыларды талдау; бәсекелестер мен бәсекені зерттеу; тауарларды зерттеу; жаңа тауар тұжырымдамасын қалыптастыру, маркетингілік зерттеулер негізінде тауар өндірісін жоспарлау; тауар қозғалысын, өткізім мен сервисті жоспарлау; баға саясатын тұжырымдап, іске асыру; маркетингілік бағдарламаларды әзірлеп, іске асыру; маркетингіні ақпаратпен қамтамасыз ету; маркетингіні басқару (қауіп-қатерді, пайданы, тиімділікті бағдарлай отырып, маркетинг шараларын жоспарлау, іске асыру және бақылау) қамтылады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). (<https://kitap.kz/>)

Атқарымдық. Сын есім. 1. Жүзеге асырылуға, орындалуы тиіс..Қазіргі уақытта біздің алдымызда демократияны а т қ а р ы м д ы қ тұрғыдан бекемдеу міндеті тұр, жасақталған институттарға ендігі жерде жұмыс істеу керек («Жас Алаш»). (<https://kitap.kz/>)

Атқарымдық сала. Тұрақты тіркес. 1. э к о н о м и к а л ы қ. Бөлімшелері бүтіндей ұйым мүддесіне жұмыс істейтін қызмет саласы. А т қ а р ы м д ы қ с а л а ғ а маркетинг, өндіріс кадрларын оқыту, қаржы ресурстарын жоспарлау т.б. жатады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: хüsüsüуәт

			<p>3. Қырғыз: милдети</p> <p>4. Өзбек: xususiyati</p> <p>5. Түрік: fonksiyon</p> <p>6. Ағылшын: function</p> <p>7. Испан: característica</p> <p>8. Неміс: Funktion</p> <p>9. Француз: caractéristique</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: функция – функция (1981); нечётная функция – тақ функция (2015 жылғы 6 қазан); защитная функция права – құқықтың қорғау функциясы (2016 жылғы 7 желтоқсан); компенсационная функция права – құқықтың өтемдеуші қызметі (2016 жылғы 7 желтоқсан); культурно-историческая функция права – құқықтың мәдени-тарихи қызметі (2016 жылғы 7 желтоқсан); организационно-распорядительная функция – ұйымдастырушылық-өкімдік функция (2016 жылғы 7 желтоқсан)</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: функция – қызмет, функция (іс жүргізу); функция права – құқық атқарымы, функция – атқарым (заңтану); функция – қызмет, функция (педагогика, экономика, статистика)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: функция – функция, қызмет, атқарым</p> <p>13. «Функция» сөзі орыс тіліне латын тілінен_ (functio – «орындау, іске асыру, қызметтік міндет») енген. «Функция» сөзі қазақ тіліне «функция», «қызмет», «атқарым» сөздерімен аударылады. Аталған бұл үш сөз де «Қазақ сөздігінде» жеке реестр сөз ретінде берілген. Алайда «атқарым», «қызмет», «функция» сөздерінің мағыналарын сараптай және «функция» сөзінің семалық құрамында «қабілет» және т.б. реңктердің болатындығын ескере келе, қазақ тілінде «функция» сөзін сол күйінде қалдыруды ұсынамыз.</p>
967.	дедовщина	әлімжеттік	<p>1. Әлімжеттік. зат. Қоқан-лоқы, күш көрсетушілік (ҚС, 157). Дедовщина – әскерде қызмет атқарушылардың арасындағы қарым-қатынастағы бейресми иерархиялық жүйе (https://ru.wikipedia.org/wiki/Дедовщина)..</p>

			<p>2. Өзербайжан: hazing</p> <p>3. Қырғыз: чектен ашуу</p> <p>4. Өзбек: hazing</p> <p>5. Түрік: hazing</p> <p>6. Ағылшын: hazing</p> <p>7. Испан: novatadas</p> <p>8. Неміс: Trübung</p> <p>9. Француз: bizutage</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: дедовщина – әлімжеттік (2016 жылғы 7 желтоқсан)</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: дедовщина – әлімжеттік (іс жүргізу, заңтану, әскери)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: дедовщина – әлімжеттік</p> <p>13. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармасын, заңнамадағы қолданысын негізге ала отырып, орыс тіліндегі «дедовщина» сөзінің баламасы ретінде қазақ тілінде «әлімжеттік» сөзі қолданылуы керек деп санаймыз.</p>
968.	котировка	белгіленім, котировка, баға белгіленімі	<p>1.Котировка – фр. cote, ағылшын. financial quote.</p> <p>Котировка – сатушы немесе сатып алушы белгілейтін және олар салып алу немесе сату операцияларын жасауға дайын тауар бағасы (бағамы, пайыздық мөлшерлемесі) (https://www.google.kz/search?rlz=)</p> <p>Котировка. Зат есім. 1. [француз. se coter] э к о н о м и к а л ы қ. Ұйымдастырылмаған нарықта немесе биржалық тауарларға баға қою, шетел валюта курсы деңгейін белгілеу. К о т и р о в к а – шетел валюталары мен бағалы қағаздарына баға белгілеу. Валюта к о т и р о в к а жасаудың екі әдісі – тікелей және жанама әдісі болады (Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Экономика). Мысалы, АҚШ-та басқа елдердің валюталарына доллармен к о т и р о в к а жасайды (Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Экономика). К о т и р о в к а – құнды қағаздардың, шетел валюталарының бағамын</p>

немесе биржалардағы тауарлардың бағасын белгілеу (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). (<https://kitap.kz/>)

Валюталық баға белгіленімі. Тұрақты тіркес.

1. Елдердің орталық (ұлттық,) банктерінің төлемдер төлеу және есеп айырысу мақсатында ұлттық, валютаға қатысты шетел валютасының бағамын белгілеуі. (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: quote

3. Қырғыз: цитата

4. Өзбек: taklif

5. Түрік: alıntı

6. Ағылшын: quotation

7. Испан: cita

8. Неміс: Zitat

9. Француз: citation

10. **Бекітілген нұсқасы:** котировка валют – валюта бағамын белгілеу (2006 жылғы 27 қазан); биржевая котировка – биржалық белгіленім (2003 жылғы 4 наурыз); котировка – белгіленім (2016 жылғы 8 желтоқсан)

11. **Сөздіктердегі аудармалары:** котировка – баға белгіленімі, баға белгілеу, белгіленім; котировочная организация – баға кесу ұйымы; котировка биржевая – биржалық баға белгіленімі (іс жүргізу); котировка – белгіленім; котировка ценных бумаг – бағалы қағаздар белгіленімі (заңтану); котировка – котировка, баға белгілеу; котировка валют – валюта бағасын белгілеу; биржевая котировка – биржалық белгіленім (экономика)

12. **Заңнамадағы қолданысы:** котировка нефти – мұнай белгіленімі

13. **«Котировка» сөзі орыс тіліне шет тілдерінен_ (фр. cote, ағылшын. financial quote) енген.**

«Котировка» сөзінің бекітілген терминдер сөздігінде баламаларын, салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларын және заңнамадағы қолданысын сараптай келе, бұл сөздің баламасы ретінде қазақ тілінде

			«белгіленім» сөзін қолданған дұрыс деп есептейміз.
969.	телесные наказания	дене жазалары, тән жазалары	<p>1. «Телесные наказания» – жазаланатын адамға физикалық ауырту немесе зақым келтіруден тұратын, өте ертедегі (өлім жазасымен қатар) жазалау шараларының бірі</p> <p>(https://ru.wikipedia.org/wiki/Телесные наказания).</p> <p>Дене. Зат есім. 1. б и о л о г и я л ы қ. Тірі ағзалардың сыртқы тұрпаты. Д е н е ұғымы, көбінесе, адамға және жануарларға (әсіресе, омыртқаларға) қатысты жиі қолданылады (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). Д е н е ұғымы кейде микроорганизмдерге, саңырауқұлақтарға және өсімдіктерге де қатысты айтылады (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). Жануарлардың д е н е с і н і н алдыңғы бөлігі – бас, артқы бөлігі – құйрық деп аталады да, құрылысы мен атқаратын қызметі жөнінен бір-бірінен ерекшеленеді (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). 2. а с т р о н о м и я л ы қ. Жұлдыздар мен ғаламшарлар, метеорлар т.б..Ертедегі қазақтар аспан д е н е л е р і – Күнге, Айға, жұлдыздарға және басқаларға (бағынды) табынды (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм негіздері). Кейбір аспан д е н е л е р і н і н [метеорларының] қозғалысын олардың атмосфера ішінде қалдыратын ізі арқылы зерттеуге болады (Х. Әбішұлы, Халық астрономиясы). Планеталардың барлығы да жарықты күннен алатын, өздері жарық шығармайтын д е н е л е р (Х. Әбішұлы, Халық астрономиясы). 3. и н ф о р м а т и к а л ы қ. <ағылшын. body>. Қандайда бір әрекеттердің сипаттамасынан немесе хабарламадан тұратын ақпараттық объектінің ішкі бөлігі (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика және компьютерлік техника). 4. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Адам, кісі, жан..Іште жұрт жиналысып кең бөлмеге,</p>

Өңшең бор, қасқа-жайсаң, кердең д е н е (Ғ.Қайырбеков, Дала қоңырауы). 5. Басым болу, жену, бағындыру. Кешегі Оспан ағасы, Кісінің малын жемепті... Досына дәл жаз, жауға аяз, Алысқанда д е н е п т і (Абай, Шығармалар жинағы). 6. ф и з и к а л ы қ. Нақтылы бір заттың бар көлемі, өн бойы. Салынуына мың жылдай болған бұл собордың д е н е с і н д е талай заманның таңбасы бар (С. Мұқанов, Саяхаттар). 7. Адамның бүкіл тұла бойы. [Абайдың] д е н е с і серги сүйсіне бір күрсінгенде сергек, сезімтал көңіл де өрби түскендей болды (М. Әуезов, Абай жолы). Зейнегүлді аяп, д е н е с і н і ң қан ұйыған жерін сипап көріп болғасын, ойланып отырып ұзақ актісін Құсайынға оқып берді (Ж.Өмірбеков, Қызыл су). Біздің басшымыз Көпжасаровтың жаяу жүруі, д е н е қимылы тым аз болғандықтан соңғы жылдарда д е н е с і н май басып кеткен (Ж.Жұмақанов, Жазылмаған кітап). Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер д е н е ң (Абай, Толық жинақ). (<https://kitap.kz/>)

Тән. Сын есім. 1. Біреуге, бір нәрсеге қатысты, телулі. Қашан Сұлтанмахмұт қайтқанша Шакизат өзін осылай қатал, қазақ қыз-келіншектеріне т ә н тамаша иба-әдеппен ұстаған еді (Д.Әбілев, Арман жолында). Жақсылыққа жанымды т ә н етемін, Айта қалар сол шығар дәнекерім. Бірақ, достым, ұмытпа, қастық етсең, Найзағайы бұлттың да бар екенін (К.Салықов, Жезкиік). 2. Адамның денесі, тұла бойы. Т ә н көмілер, көмілмес еткен ісім, Ойлайтын да мен емес – бір күнгісін. Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін (А.Байтұрсынов, Шығармалары). Етің етке тигенде, демің тиіп сүйгенде, Т ә н шымырлап, бой еріп, Ішім оттай күйгенде (Абай, Толық жинақ). (<https://kitap.kz/>)

Жаза. Зат есім. 1. а р а б. Қылмыстылығы, кінәлілігі үшін тартатын айып, істеген күнәсінің азабы, өтеуі. Қасиетті Құран Кәрімнің, «Иунус» сүресінің 27-аятында: «Жамандық жасағандар сол жамандығына тепе-тең ж а з а ғ а ұшырайды, қорлыққа жолығады» («Жас Алаш»). Сонымен оны Жұрымбай ж а з а алмайды дейсің бе? (М.Дулатов, Шығармалары). Мұсылмандық ережелерден шегінгендер немесе ол ережелерді дұрыс атқармағандар үш түрлі ж а з а ғ а кесілетін еді: бірінші ж а з а – шапалақтау, екінші ж а з а – таяқпен дүрелеу, үшінші ж а з а – темір шыбықпен (шомполмен) соғу (Х.Ақназаров, Шығармалары). 1903 жылға дейін дүре ж а з а с ы қолданылып келді («БК(б)П тарихы»). 2. Себепсіз азаптау, жапа..Мәмлүк заңы бойынша, сұлтан қаһарына ұшыраған әмірдің ең жақын достары да ж а з а д а н құтылмайтын («Парасат»). 3. п е д а г о г и к а л ы қ. Тәлімгерді қандай да бір айыбы үшін жауапкершілікке тартудың бір түрі ретіндегі тәрбиелік мәні бар жазалау шарасы..Соңғы кезде педагогика пәні ж а з а н ы екіге бөліп жүр: 1) Жаратынды ж а з а, 2) жасанды ж а з а. Жаратынды ж а з а қылмыстың өзімен байланысулы, яки нәтижесі сияқты, қылмыстың өзінен туады (Ж.Аймауытов, Шығармалары). 4. з а ң. <ағылшын. fenalty>. Сот үкімі бойынша қылмыс жасады деп танылған азаматтарға қатысты әр елдің қылмыстық заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес қолданылатын мәжбүрлеу шарасы. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша ж а з а белгілеу кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамға қатер төндіру дәрежесі, айыпкердің жеке басы, оның мінез-құлқы, жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі (ҚҰЭ). Ж а з а н ы

қылмыстық іс жүргізушілік низамда белгіленген арнаулы заң тәртібімен сот қана тағайындайды (Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі). 5. Кінә, жазық..Жүгіріп Мәжнүн келді «ағатайлап, Ғаріпті неге ұрасың қолын байлап. Сорлының әлдеқандай ж а з а с ы бар, ұқтырып айтыңызшы маған жайлап» (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Қайратқа сеніп, қақтықпай, Ж а з а с ы н тауып жауласар. Қатынша тілмен шаптықпай, Майданға шықса жарасар (Абай, Толық жинақ). (<https://kitap.kz/>)

Жазалау. I. Зат есім. 1. п е д а г о г и к а л ы қ. Баланың тәртібіндегі жағымсыз қылықтар мен әрекеттерге тыйым салып, оларды болдырмауға бағытталған педагогикалық ықпал ету тәсілдерінің бірі. Ж а з а л а у істелген тәртіпсіздікке лайықты, әділетті болғанда және бала өзінің не үшін жазаланғанын түсінгенде ғана оның тәрбиелік мәні болады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.). Ж а з а л а у д ы н әртүрлі жолы бар. Мысалы тәртіпсіздік үшін ұялту, ескерту, сөгіс беру, педагогикалық кеңеске шақыру, мектептен шығару, бір сыныптан басқа сыныпқа немесе басқа мектепке ауыстыру және т.б. (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.).

II. Етістік. 1. Айыпқа жығу, жазығы үшін соққыға душар қылу..Әкесі... баласының бұдан былай да теріс жолмен кетуін қаламайды, сол себепті ол сөгеді, ұрсады, тіпті ж а з а л а й д ы да (Б.Момышұлы, Шығармалары). Құдай тағала күдіретті ғой. Жер бетіндегі біз сияқты құлдарын әрбір қисық қылығы үшін ж а з а л а п отырады (Ә.Әлімжанов, Махамбеттің жебесі). Әкем бізге өте сирек ұрсатын. Тіпті некен-саяқ ж а з а л а й т ы н (С.Айни, Шығармалары). Швейцарияда шылым тартатындарды көпшілік жүретін жердегі діңгекке байлап ж а з а л а с а, Англияда ондайларды елден аластатып

отырады (Ж.Еділбаев, Буырқанған) 2. Айыбын өтетү, жауапқа тарту..Ж а з а л а с а тәуір оқитын, жаман оқитын балаларды да бөлшектеп, кісі басына сабақ беру жолы да бар екен. Бұл түкке тұрмайтын әдіс (Ж.Аймауытов, Шығармалары). Мектепке баруға бетім шыдамады. Өзімді-өзім қара жұмысқа салып, ж а з а л а ғ ы м да келді (Ө.Тұрманжанов, Адам адамға дос). Кешегі әндерін олардың кейбіреулері бюрода да қайталамақшы еді, оған бюро мүшелері қатты тойтарыс беріп, ондай пиғыл таратқандары үшін колхоз басшыларын қатты ж а з а л а п тастады (Ә.Нұршайықов, Жер туралы жыр). Ердің ары өлгені өзі өлгені. Шөгішті ж а з а л а п, абақтыны қолдан жасағаны үшін Омархан мен Нұрмағанбет жиырма бес түйеден ер-азаматтың құнын тартсын (К.Оразалин, Абай ауылына саяхат). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: cismani cəza

3. Қырғыз: капрал жаза

4. Өзбек: jismoniy azob

5. Түрік: dayak

6. Ағылшын: physical punishment

7. Испан: castigo corporal

8. Неміс: körperliche Bestrafung

9. Француз: châtiment corporel

10. **Бекітілген нұсқасы:** телесная субстанция – денелік субстанция (1981); наказание – жаза, жазалау

11. **Сөздіктердегі аудармалары:** телесные наказания – дене жазалары (заңтану); телесные нарушения – дене бұзылыстары (педагогика), наказание – жаза, жазалау

12. **Заңнамадағы қолданысы:** телесное повреждение – дене жарақаты

13. Орыс тіліндегі «телесные» және «наказания» сөздерінің бекітілген терминдер сөздігінде баламаларын, салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларын және заңнамадағы қолданысын сараптай келе,

			орыс тіліндегі «телесные наказания» сөз тіркесін қазақ тіліне «дене жазалары» немесе «денені жарақаттап жазалау» сөз тіркесімен аудару қажет деп ойлаймыз.
970.	репутация хорошая	жақсы атақ- абырой, жақсы бедел, жақсы атақ	<p>1.Репутация (ағыл. <i>reputation</i>, фр. <i>renommée</i>) – адам немесе адамдар тобы туралы белгілі бір қалыптасқан пікір. (https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D0%B5%D0%BF%D1%83%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F)</p> <p>Репутация. Зат есім. 1. к і т а б и с т и л ь. Атақ, абырой. Ол Совет Одағында жақсы р е п у т а ц и я ғ а и е болды («Социалистік Қазақстан»). – Мен ұлы Королевствонның музейін тұңғыш рет көріп тұрмын. Сондықтан да оның р е п у т а ц и я с ы н білмеуім ғажап емес (Қаныш аға). (https://kitap.kz/)</p> <p>Бедел. Зат есім. 1. Көлем, мөлшер. Ол бұрынғы қайраттың қашқанын соңғы үш-төрт жылдың б е д е л і н д е анық-ақ, сезіп жүр (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Сергелдеңмен өткен осы екі-үш күннің б е д е л і н д е Біркімбайдың ойламаған ойы, екшемеген ақылы жоқ (Т.Әлімқұлов, Сейтек сарыны). Хабар тиген соң тынымынан айрылды. Валерий бастығының соңынан қалмай жүріп жұмыс істеген сегіз-тоғыз айына демалыс төктіріп, сол екі-үш жетінің б е д е л і н д е жолға шықты (Қ.Бектұрғанов, Ізгілік жолдары). 2. қ о ғ а м д ы қ. <латын. <i>auctoritas</i> – өкімет, биік, ықпал>. Белгілі бір адамның, әлеуметтік институттың нақты қадір қасиетіне, сіңірген еңбегіне орай жалпы жұрт таныған абырой-атағы. Бар деді алтын, күміс медаліңіз, Білінген басқа әкімге б е д е л і ң і з. Ылайқат сүйегіңе сәндік қылып, Меккеде қабыл болған жеделіңіз (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әліш мұны әлі де болса б е д е л і н і ң барлығынан көрсе, Әукең «Әліш молданың шарапаты» деп ұғынды (Б.Майлин, Шығармалары). Абай б е д е л і жетіп, қолынан келген жерлерінде, осы</p>

Даниярдай жалқы-жетім жастарды интернатқа әкеп қосуға тырысқан (М.Әуезов, Шығармалары). Дұшпаны өз алдына келгеннен соң, Бетімді тырнап алмай аясын ба? Әркімнің өзі шыққан тауы биік, Әсеттің б е д е л і н е қарасын ба (Айтыс). (<https://kitap.kz/>)

Абырой. Зат есім. 1. Абиыр (адамның жыныс мүшесі, ұятты жері). Ергежейлілер киім кимейді, еркектері мықынына тері байлайды да әйелдері а б ы р о й ы н ғана жабады (Ш.Қожахметов, Ғалам ғажаптары). Комиссия бөлмесінен а б ы р о й ы н басып, тыр жалаңаш уыздай жас жігіт шықты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. Ар, ұят, намыс. Көніп жүр таршылыққа неше жылдай, Қыс оқып, жаз ақша іздеп, ешбір тынбай. Шыдаса көп қалған жоқ, мақсұт жақын, А б ы р о й, денге саулық берсе Құдай (М.Дулатов, Шығармалары). Әдетін қазақшылық қоймаймын деп, Өзінің а б ы р о й ы н жыққан қазақ, Алшақтап жүргенінде алты мыңға, Қор қылар қорғасындай тышқан қажап (Ә.Найманбаев, Шығармалары). 3. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Пайда, олжа. Күн иісе, жерге а б ы р о й, жер иісе, малға а б ы р о й (Мақал). 4. [иран. البروی] Бедел, атақ, даңқ. Асықпасаң көрерсің, Мұны азсынсаң тағы да. Хиянаттан бой тартып, Шық ғаділет жағына. Мұны істесең шығарсың, А б ы р о й д ы ң тағына (М.Дулатов, Шығармалары). Сарынға жастар салмасын, Арам жын келіп қалмасын. Таза ақыл табам деп жүріп, А б ы р о й ы н жойып алмасын (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Қалың дәулет, а б ы р о й Әшімде де мол (Д.Әбілев, Арман жолында). (<https://kitap.kz/>)

Абырой-атақ. Зат есім. 1. Ел алдындағы бедел, жақсы ат, даңқ..Осында №3 шахтаның забойщигі Рақышев Мағауия мен №1 шахтаның забойщигі Түсіп Күзембаев а б ы р о й-а т а қ

қаиес болды (Қ.Әміров, Өшпес жұлдыздар жарығы). Сен барлық абырой-атағыңды осы жұмыстың сәтін түсіруге жұмсайсың (Ш.Хұсайынов, Таныс адамдар). Өзі болса абырой-атақтан құр алақан емес (М.Сәрсекеев, Жеті жылдықтың жігіттері). (<https://kitap.kz/>)

Абырой-бедел. Зат есім. 1. Ар-намыс, өзіндік және қоғам алдындағы бағасы. Батыс елдерінде жұмыссыз болу – тек жұмысты жоғалту ғана емес, сонымен бірге адам өзінің ар-намысын, абырой-беделін жоғалту деп те есептеледі (Б.Жүнісов, Нарықтық экономика негіздері). (<https://kitap.kz/>)

Атақ-абырой. Зат есім. 1. Атақ-даңқ, бет-бедел. Атақ-абырой алғанда осы шелтиіп, асып-тасып, әбігер боп қалмаушы ма ек! Мынау екеуі ұялып, үндемеуге тырысады, бұлары несі (М.Әуезов, Шығармалары). Әйел шіркіннің көңілі бір құламасын де. Бір құласа атақ-абыройыңа, бақ-дәулетіңе карамайтын көрінеді ғой (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: уахşı nüfuz

3. Қырғыз: жакшы аброй

4. Өзбек: уахshi obro'

5. Түрік: iyi itibar

6. Ағылшын: good reputation

7. Испан: buena reputación

8. Неміс: guter Ruf

9. Француз: bonne réputation

10. **Бекітілген нұсқасы:** репутация – бедел (1999 жылғы 6 қазан); деловая репутация – іскерлік, атақ-абырой, іскерлік бедел; безупречная деловая репутация – мінсіз іскерлік бедел (2016 жылғы 7 желтоқсан); безупречная репутация – мінсіз бедел (2016 жылғы 7 желтоқсан); авторитет – бедел (2016 жылғы 7 желтоқсан); честь – намыс, абырой

			<p>(1981)</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: репутация – репутация, бедел; репутация на рынке – нарықтағы өтімділік; авторитет – бедел, абырой (іс жүргізу); репутация – репутация, атак; безупречная репутация – мінсіз атак; безупречная деловая репутация – мінсіз іскерлік бедел; деловая репутация – іскерлік бедел; отрицательная репутация – жағымсыз атак; авторитет – бедел (заңтану); репутация – бедел, репутация; авторитет – бедел (педагогика); репутация – абырой; авторитет – бедел (экономика)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: репутация – бедел; авторитет – абырой-атақ; абырой – честь</p> <p>13. «Репутация» сөзі орыс тіліне шет тілдерінен (ағыл. reputation, фр. renommée) енген.</p> <p>«Репутация» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «бедел», «атақ-абырой» сөзі бекітілсе, «бедел» сөзі «авторитет» сөзіне, «абырой» сөзі «честь» сөзіне балама ретінде бекітілген. Салалық терминологиялық сөздіктерде «репутация» сөзі қазақ тіліне «репутация», «бедел», «өтімділік» (экономика), «атақ», «абырой» сөздерімен, заңнамада «бедел» сөзімен аударылады. Біздіңше, «хорошая репутация» сөз тіркесін қазақ тіліне «жақсы бедел» немесе «жақсы атак-абырой» сөз тіркесімен аударған дұрыс сияқты.</p>
971.	аффект	аффект, жан күйзелісі	<p>1. Аффект – лат. affectus – құмарлық, жан толқынысы.</p> <p>Аффект – 1) көңіл-күй (сыртқы көрініс, ішкі қабылдау); 2) қысқа мерзімде және өте тез болатын эмоционалды процесс; 3) есі дұрыс емес немесе есінің дұрыстығы шектеулі түрде болатын адамның қысқамерзімді эмоционалды көңіл-күйі</p> <p>(https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%84%D1%84%D0%B5%D0%BA%D1%82)</p> <p>Аффект. Зат есім. 1. [латын. affectus]м е д и ц и н а л ы қ. Ашуланған, долданған хал, ашу қысқанда, қатты үрейленгенде уақытша естен адасу. А ф ф е к т адам көңіл-күйінің кенеттен</p>

өзгеріп әлсіреуінен, тынышсыздануынан да пайда болады (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). Тіпті күшті болған ішкі сезім а ф ф е к т деп аталады. А ф ф е к т көбінесе кенет болады. Оны құйынмен ұқсастыруға болады (М.Жұмабаев, Шығармалары). (<https://kitap.kz/>)

Жан. Зат есім. 1. п с и х о л о г и я л ы қ. Адамның ішкі ой-санасы, рухани, сезімдік қасиеттері. Ж а н ми арқылы сыртқы дүниеде һәм өз денесінде не болып жатқанын біледі (М.Жұмабаев, Шығармалары). Оқушылардың қабілеттерінің дамуына бағыт беруге тек тәрбие өнеріне жетік, бала ж а н ы н жақсы білетін мұғалімдер ғана жақсы нәтижеге ие бола алады (К.Жарықбаев, Психология). 2. д і н и. Алланың нұрынан пайда болып оның ғана әмірімен адамның тәніне тіршілік бітіретін рух. Діни дүниетанымда адамдарға ж а н беруші және оны алушы – Құдай (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). Қалай болғанда да ж а н адамға қатысты емес, ол Алла әмірімен болатын іс (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). Ж а н н ы н тәнге тұрақталған кезі «жалған» өмір болса, тәннен бөлініп «ұшып» кеткен соң ол мәңгілік (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). 3. ф и л о с о ф и я л ы қ. Философияда тәнге қарама-қарсы қойылып, оған тіршілік бітіретін рухқа қатысты түсінік, негізгі философиялық ұғым. Философия тарихында ж а н туралы көптеген ғұламалар пікір айтқан. Аристотель жан тәннің формасы деген (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). Ж а н н ы н даралығы туралы Абай да айтқан, ол жан мен ақылды қосып айтады (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). Тән мен ж а н бір-бірінен ажырағанда тәннің сезілетін, сезетін қасиеттері жойылып, өзге күйге өтеді (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). 4. э к с п р е с с и в т і. Қадір-қасиет тұту

ретінде, еркелету, жақсы көру мәнінде айтылатын сөз. Жанбай: – Жылама, ж а н ана! Жау сенің көз жасыңа қарамайды. Ол тыптыныш ел шетіне басып кіріп, туған жерімізді таптағалы жанталасады (Ш.Байбатшаев, Белбелестер). Сүй ж а н сәулем, тағы да сүй, тағы да! Жылы, тәтті у тарады қаныма. Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін: Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!.. (М.Жұмабаев, Шығармалары). Ж а н қалқам, көз қиығын қашырмашы, Дүрсілін жүрегіңнің жасырмашы. Даусыңмен дірілдеген шертші наз, Көңілдің ұшсын сұлу қаршығасы (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). 5. к і т а б и с т и л ь. Еңбек үдірісінде құрал-сайман өндіретін күш иесі ретіндегі адам..Әр ж а н ғ а шаққанда екі данадан келеді. 6. Бірде-бір адам, ешкім..Мәукіл телефонды орнына қойып, үлкен көзі аларыңқырап, жан-жағына қараса, өзінен басқа ж а н жоқ екен (С.Бегалин, Уақыт.). Сенісерге ж а н таба алмай, Сенделеді ит жүрек. Тіршілікте бір қана алмай, Бұл не деген тентірек (Абай, Толық жинақ). Тойына шақырмаған ж а н қалмаған, Түлкі, қарсақ, құлан, киік, суыр, қоян. Қасқыр, аю, бұғы, марал, борсық, тышқан – Хайуанның жыбырлаған бәрі барған (М.Дулатов, Шығармалары). 7. Жарық беру, сәуле шашу, жарықтандыру..Электрдің нұры қандай жап-жарық, Үйлер түгіл қой қорада тұр ж а н ы п. Қасқыр енді қой ұйқысын бұзбайды, Босқа ұлиды төңіректі айналып (Қ.Боранбаев, Жаңарған). Күннен туған баламын. Жарқыраймын, ж а н а м ы н (М.Жұмабаев, Шығармалары). 8. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. п о э т и к а л ы қ. Ұшқынына, қуатына шыдамау, бір нәрсенің күшті әсеріне түсіп кету..Жалынмын мен, келме жақын, ж а н а р с ы ң, Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың (М.Жұмабаев, Шығармалары). Ж а н б а ғ а н

соң көзінің әр шоғына, Қанбаған соң сөзінің кәусарына. Сақинасын сұрап ем, сақинасы сыймай қалды тар болып саусағыма (Кеңшілік Мырзабеков, Екі мыңжылдық). 9. Адам баласына, жан-жануарларға тіршілік беретін рух, қуат деген түсінік. Тіршілік пен рахат жалғыз саған ғана керек емес, тамам ж а н иесіне де керек (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Малда да бар ж а н мен тән, Ақыл, сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән, Тереңге бет қоймаса (Абай, Шығармалары). Жас бала – ішсем, жесем, ұйықтасам, – деп туады, бұлар болмаса, тән ж а н ғ а қонақ үй бола алмайды (Абай, Шығармалары). Ақыл мен ж а н – мен өзім, тән – менікі, «Мені» мен менікінің мағынасын екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі (Абай, Толық жинақ). Себеп қып тіршіліктің татар дәмін, Майсыз лаулап жанған шам дегендегі. Қан қуатпен қозғалған жалғыз ж а н ы ң, Бұл бір оңай жұмбақ қой көңілдегі (Қазақ әдебиеті хрестоматиясы). 10. Адамның ішкі сарайы, рухани әлемі. Сол досты сая таппай іздейді ж а н. Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан (Абай, Толық жинақ). Сағынған сүйгенінің ж а н ы н а жаны ұмтылып, айрылмасқа, кетіспеске серт еткендей. Қазіргі әсем әнмен үйлескендері бауырға кіріп, жабысып тұрып құшқаннан да жақынырақ, күштірек сияқты (М.Әуезов, Шығармалары). Ой улады, Ж а н ы м ессіз, жаным мас. Ой улады, Жүректе зор, көзде жас. Ой улады, Көмір болды жүрегім, Ой улады, Сарғаямын, сөнемін! (М.Жұмабаев, Шығармалары). Сүю үшін беріліп, Жалындаған ж а н керек. Тұла бойдан төгіліп, Тулап аққан қан керек (С.Мәуленов, Дала дабылы). 11. е т і с т і к. От алып жалындау, қызулана тұтану.– Кетіңдер, бұл арадан, – дегенімде, Борисов ж а

н ы п жатқан үйлерді қолымен көрсетіп, мыналарды қайтеміз, – дегендей аңырайып тұрып қалды (Б.Момышұлы, Москва үшін шайқас). Ақсақал мал қоралап болып, жайланып шайын ішіп, қазақ аспаның аузында кейде жылтылдап, кейде лапылдап ж а н ы п жатқан отты көріп, бұрқылдап қайнап жатқан еттің исі мұрнына келіп отырғанда, серпіліп әңгіме айтатын (М.Әуезов, Шығармалары). Күнәдан жаны-тәні тазарсын деп, Апарып ж а н ы п жатқан отқа салды. Адамның шөбі түгіл, өзін жеген, Тісті мен тырнақтылар аман қалды (А.Байтұрсынов, Шығармалары). 12. ф и з и к а л ы қ. Энергия бөлініп, қоршаған ортамен жылу және масса алмасу процесінің жүруі. Күйе бөлшектерінің парамагниттік қасиеттерін зерттеу үшін жандырғыда ж а н ы п жатқан пропан-оттегі қоспаның жалынынан кварцты зонд көмегімен күйе бөлшектерінің үлгілері алынып, ЭПР аспабымен талданды («Зерде»). 13. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Жайнау, құлпыру, жарқырау. Хош иіс бағы балбырап, Шырадай ж а н ы п тұр гүлі. Күмістей сұлу бал бұлақ Сайраған сансыз бұлбұлы (З.Қалауова, Таңдамалы шығармалар). Раушангүлдің ал қызыл ж а н ғ а н ы н-ай, Нұрлы рауан төгіп тұр жанға Құдай. Қызыл ішік жамылған қызыл кеште, Сұлу қыздай құлпыра қалғанын-ай (К.Салықов, Жезкиік). Тынымсыз көбелегі шамды айналған, Кішкентай бақыт едім ж а н б а й, жанған. Ақ бұлттың арасынан қалқып ұшқан Аққудай арман едім әнге айналған (Әуен Дәуренбеков, Екі мыңжылдық). 14. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Өсіп-жетілу, адам болу. Көзім, неге таласың! Үмітсіз қарап барасың. Түтінің жоқ отың жоқ, Тұншығып кеудем ж а н а с ы н (С.Торайғыров, Таңдамалы шығармалар). Лапылдадың, ж а н д ы ң ғой, Тілегінді алдың ғой. Су екен деп, у ішіп, Жаның жай боп

кандың ғой (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Сан кісі мұңайсын, Сабырмен шыдайсың. Күйемін ж а н а м ы н, Еш рахым қылмайсың (Абай, Толық жинақ). Жақын емес ата-ана, туғандар, Көз жасында олардың не ісі бар? Соқыр олар, ж а н ғ а н жаның көре алмас, Жыла мейлің, жан-күй отта, шегіп зар (М.Жұмабаев, Шығармалары). 15. Адам, кісі..Ас үстінде менің байқағаным: осы бір тап-тар бөлмедегі төрт ж а н н ы ң өзара бір-біріне деген тәтті махаббаты (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Біз де көрдік оғының атқан жерін, Қай жерге оғы түсіп жатқан жерін, Әр ж а н н ы н өзіндік бір келбеті бар, Бәрекедді, шіркіннің тапқан жерін! (Ақмолла, Күндер мен түндер). Тоқбике еш уақытта да байлықты арман еткен ж а н емес. Тек адамдықты арман етеді (Д.Әбілев, Арман жолында). Қол-аяғынан әл кетіп, ол қасындағы бір әйелге сүйенді. Оны бір ж а н жұбатқан жоқ (Ә.Нұрпейісов, Сергелден). (<https://kitap.kz/>)

Күйзеліс. Зат есім. 1. Қиналып қайғырушылық, қажығандық. Еңсемді басқан к ү й з е л і с шыдатпай, көзімнен жас боп парлады (О.Тәжиева, Жетім қыз). К ү й з е л і с атаулы қарт жүрекке ауыр із тастап кетеді (А.Байтанаев, Қайнар). 2. п с и х о л о г и я л ы қ. Дағдарыс, қатты қиналыс, жан азабы. Ауыр к ү й з е л і с үстінде жүргенде жеткен мына хабарға Сұлтанмахмұт балаша қуанды (Д.Әбілев, Арман жолында). Жұман үй ішінің әлпетінде бір к ү й з е л і с барын байқады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Көңілімде к ү й з е л і с, Жүрегім жүз құрау. Балдан соң у берген, Дүние қызық-ау (Т.Бердияров, Көгілдір.). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: tәsir
3. Қырғыз: таасир

			<p>4. Өзбек: ta'sir qiladi</p> <p>5. Түрік: etkilemek</p> <p>6. АҒЫЛШЫН: affect</p> <p>7. Испан: afectar</p> <p>8. Неміс: beeinflussen</p> <p>9. Француз: affecter</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: аффект – аффект (2015 жылғы 6 қазан)</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: аффект – жан күйзеліс, аффект (іс жүргізу); аффект – жан күйзелісі, жанкүйзеліс (заңтану); аффект – аффект (педагогика); вязкость аффективная – аффектілік тұтқырлық; тонус аффективный – ашыну тонусы (медицина)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: аффект – жан күйзеліс, аффект; аффективное расстройство – аффектілік бұзылу; аффектное психозы – аффектілік психоздар</p> <p>13. «Аффект» сөзі орыс тіліне латын тілінен (affectus – құмарлық, жан толқынысы) енген.</p> <p>Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі жиі аударылуын, заңнамадағы жиі қолданысын негізге ала отырып, «аффект» сөзі қазақ тілінде де сол қалпында қолданылғаны жөн деп есептейміз.</p>
972.	душевнобольной	ақыл-есі ауысқан, жаны науқас	<p>1. Душевнобольной – 1) психикалық аурумен ауыратын адам (зат есім); 2) психикалық аурудан зардап шегуші (сын есім)</p> <p>https://www.efremova.info/word/dushevnobolnoj.html#.WrseWdRuaM8</p> <p>Есі ауысты. Тұрақты тіркес. 1. Ақылынан адасты, есеңгіреді, жынданды. Мөлшермен істеген еңбек – нерв жүйесі және е с і а у ы с қ а н сырқат адамдардың тез жазылуына көмекші құрал (М.Сисекенов, Өкпе аурулары). (https://kitap.kz/)</p> <p>Науқас. Зат есім. 1. Денсаулықтың бұзылуынан дертке айналған сырқат, ауру..Тәтежан, жанға өлшеген асыл затқа, Н а у қ а с т а н жүргеніңіз саламат па? Паналы зор тәңірім саясында</p>

Жайлы ұйықтап қадірлі еркем көңіл шат па? (Ә.Найманбаев, Шығармалары). Қасым Аманжолов бұл кезде қатты хал үстінде, төсекте, ауыр науқас тұтқынында жатыр еді (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен). Молда да, балалар да қайран қалып, Үйіне науқас па деп қойды апарып. Су бүркіп, гүлмен желпіп ата-анасы, Отырды Қайыс есін жиып алып (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Ұқпағаны бола ма? «Мен белімнің желін айтып отырсам, ит не оттап отыр», — депті. Сонда тоқал тұрып: «Желіңіз бен беліңіздікі бір сабақтас науқас қой. Бойдан кете қоя ма?» – депті (Ж.Аймауытов, Шығармалары).

2. Ауру адам..Туберкулезге қарсы күрес мекемелері дәрі-дәрмекпен, тамақпен толық қамтамасыз етілген, науқастарды кідіріссіз емдеуге мүмкіндік жасалған («Жас Алаш»). Қас кере күліп, қырындай бұрып бетінді, Қиылып тұрсың қылықпен әсем не түрлі. Кеш көрдің мені. Өлетін науқас сауығып Кеткенде келген кесірлі тәуіп секілді (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Шәміл, Шәміл! Шаршадым, қалжырадым. Ет жүрегім езілді, қан жылады. Жырым менің – науқастың сандырағы, Құным менің – тазының қарғыбауы (М.Мақатаев, Шығармалары). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: deli
3. Қырғыз: акылсыз
4. Өзбек: aqldan ozgan
5. Түрік: deli
6. Ағылшын: insane
7. Испан: loco
8. Неміс: verrückt
9. Француз: fou

10. Бекітілген нұсқасы: -

11.Сөздіктердегі

аудармалары:

			<p>душевнобольной – жаны науқас (заңнама); душевнобольной – есі ауысқан (медицина)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: душевнобольные – жан дүниесінің күйзелісімен ауыратындар; душевнобольные – ақыл-есі ауысқан; Интернат психиатрических душевнобольных – Психиатриалық жүйке аурулар интернаты</p> <p>13. Салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы аудармаларын сараптай келе, орыс тіліндегі «душевнобольной» сөзі қазақ тіліне «ақыл-есі ауысқан» сөз тіркесімен аударылуы қажет деген пікірдеміз.</p>
973.	аккорд	аккорд, кесім	<p>1. Аккорд – лат. *accordare – келісу (https://ru.wiktionary.org/wiki/%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D1%80%D0%B4).</p> <p>Аккорд – 1) дыбыстық бірлік ретінде қабылданатын, жоғарылығы әртүрлі бірнеше дыбыстың үйлесімі; 2) көне. келісім, шарт; 3) шарт бойынша бүкіл жасалған жұмысқа ақы төленетін жалақы төлемінің бір түрі (https://www.efremova.info/word/akkord.html#.WrsfaNRuaM8)</p> <p>Аккорд. Зат есім. 1. [итальян. accordo] м у з ы к а л ы қ. Түрлі жиілікте бірнеше музыкалық дыбыстардың бір мезгілде үндесуі, үйлесуі. А к к о р д – 3-4, не одан да көп бір мезгілде орындалатын (ойналатын) дыбыстардан құралады (К.Қуатбаев, Қысқаша музыкалық сөздік). Апырмай, мына Хачатуряндарды алсақ, бір артық, мәнсіз а к к о р д ы жоқ болып келеді (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). (https://kitap.kz/)</p> <p>Кесім. Зат есім. 1. Заттың бөлігі, тілім..Паек нанның үстінде қалайда бір к е с і м қосымшасы болады (Б.Сокпақбаев, Өлгендер қайтып келмейді). 2. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Үзілді-кесілді пікір, тұжырымды ой қорытындысы..–Ендеше мен де сол к е с і м г е келдім білем, – деді Исатай (Б.Аманшин, Жар мұңы). Бұл ойды ол жеп-жеңіл ойлап өтті. Бәрі де заңды, осылай болуға тиісті тәрізді. Қарт к е</p>

с і м і айнитын емес (Қ.Жұмаділов, Қаздар қайтып барады), «Ертең-ақ таңдаған біреумен жүрмеймін бе, ерегіскенде»,—деді бір жағына аунап түсіп, өзінше шорт к е с і м г е келіп бекінгендей (Б.Шаханов, Ғашық-наме). Келте айтылған Дина к е с і м і н е орынды жауап айта алмай Тұрағұл қипақтай берді (С.Бақбергенов, Дина). 3. Айыптау шешімі; шығарылған үкім, кесік, жаза..Соттың бүгінгі к е с і м і де осы оқшау істің жайына байланысты өзгеше к е с і м боп шықты (М. Әуезов, Шығармалары). Қашаннан би к е с і м і бір кесулі, Көнсеңде, көнбесеңде үйлесімді. Білгеніңнен жаңылтып бидің десі, Білдіретін кезі ғой білмесіңді (М.Мақатаев, Шығармалары). Тыңға келместен бұрын Магаданда ұзақ жыл сот к е с і м і н өткізіпті-мыс деушілер де табылған (І.Есенберлин, Көлеңкемен қорғай жүр). Сонымен жинағы жиырма сегіз жылдық түрме к е с і м і н алып, Назым Хикмет Бурса шәһарінің зынданына түсті! (Ғ.Мүсірепов, Суреткер парызы). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: akort

3. Қырғыз: аккорд

4. Өзбек: akkord

5. Түрік: giriş

6. Ағылшын: chord

7. Испан: acorde

8. Неміс: Akkord

9. Француз: accord

10. **Бекітілген нұсқасы:** аккордная заработная плата – аккорд жалақы (1981);

11. **Сөздіктердегі аудармалары:** аккорд – аккорд (іс жүргізу); аккорд – аккорд; кесім; аккордная заработная плата – кесімді еңбекақы; аккордная система – аккордтық жүйе (заңтану); аккорд – аккорд (экономика); оплата труда сдельная – кесімді еңбекақы төлеу (экономика)

12. **Заңнамадағы қолданысы:** аккорд – аккорд; кесім – акт

			<p>13. «Аккорд» сөзі орыс тіліне латын тілінен (accordare – келісу) енген. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі жиі аударылуын, заңнамадағы жиі қолданысын негізге ала отырып, «аккорд» сөзі қазақ тілінде де сол қалпында қолданылғаны жөн деп есептейміз.</p>
974.	форма права	құқық нысаны	<p>1. Форма – лат. forma – түр. ф́орма пра́ва – құқық нормалары бекітілетін тәсіл https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%87%D0%BD%D0%B8%D0%BA_%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B0)</p> <p>Құқық. Зат есім. 1. Негіз, себеп. Осыны айтуға толық қ ұ қ ы ғ ы м бар (Ауызекі).</p> <p>2. Мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық. Әр халық, әр адам өзінің қ ұ қ ы қ т а р ы н пайдалану үшін білімді, сауатты болу керек (С.Сейфуллин, Шығармалары). М.Дулатов 3 маусым заңы қазақтарды ғана емес, қазақ облыстарында тұратын басқа ұлыстарды да саяси қ ұ қ ы қ т а р ы н а н айырғанын арнайы атап өтеді (М.Құл-Мұхаммед, Алаш ардагері). Қ ұ қ ы қ адам баласына ортақ мүлік: оны қорғау ісі де адам баласына бірдей ортақ ынтымақпен болуы керек («Қазақ»). 3. қ ұ қ ы қ. Қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, мемлекет тарапынан белгіленетін және қорғалатын ережелер мен жиынтығы және соны зерттейтін ғылым саласы. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің қ ұ қ ы ғ ы бар (ҚР Конституциясы). Неғұрлым қоғамдық қатынастарда тұрақтылық басым болса, соғұрлым олардың жолын алдын ала болжау да оңайырақ болып, қ ұ қ ы қ арқылы реттеудің жолы жеңілденеді (Ғ.Сапарғалиев,.. Мемлекет және құқық теориясы). XIX ғасырдың аяғына</p>

XX ғасырдың басына дейін созылып келген заң мен құқық жүзіндегі қазақ пен атты казактың жер таласы, айтысы, жанжалы, бұрынғы отарлаудың сөнбей қалған ұшқыны еді (Т.Шонанов, Жер тағдыры – ел тағдыры). Енді Керенскийдің ұсыныстарындағы екінші мәселеге – саяси құқық, ұлттық тәуелсіз елдердің мүдделерін тең тұрғыдан құру жөніндегі тұжырымдамасына келейік (М.Шоқай, Таңдамалы шығармалары). 4. [араб]. сөйлеу. Қақы.– Кәне, жолдастар, осы ауылдағы құқығы жойылатын. дарды атаңдар – деді (І.Жансүгіров, Әңгімелері). Отаршылдардың ең негізгі заңын өзі тас-талқан қылып бұзуы, қазақ құқығы мен пайдасын лас аяқпен басуы деген осы болады (Т.Шонанов, Жер тағдыры – ел тағдыры). (<https://kitap.kz/>)

Нысан. Зат есім. 1. Белгілі бір зат, бізден тыс өмір сүретін материалдық дүние. Егжей-тегжейлігі, жалпы көлемі, нысанды сатып алу мерзімі және нысанның орны бойынша талап конкурстық құжаттамада көрсетілген («Егемен Қазақстан»). 2. Бір іс-әрекеттің орны, мекеме, кәсіпорын, шаруашылық не қорғаныс мақсатындағы телім т.б..«Күзет» атанған бұл құрылым Ішкі істер министірлігіне қарайды. «Күзеттің негізгі қызметі – мемлекеттік, жеке меншік және басқа да нысандарды күзету. 1995 жылы Президент қол қойған «Ішкі істер органдары туралы» Заңда «Күзетке» түрлі нысандарды күзетумен қатар, патрульді полициямен де бірігіп, ұйымдасқан қылмысқа, басқа да заңсыздыққа қарсы күресу құқы берілгені көрсетілген («Жас Алаш»). Ең ғажабы – Ұлы Қытай қорғанының ғарыштан, космос кемесінен жай көзбен қарағанда да көрінетіндігі. Ғарыштан көрінетін Жер бетіндегі жалғыз нысан (әрине, адам қолымен тұрғызылғандарын айтамыз ғой) – осы Ұлы Қытай қорғаны (С.Абдрахманов,

			<p>Елдік сыны). 3. ғ ы л ы м и. Белгілі бір іс-әрекет бағытталған құбылыс, зат не зерттеуге, бақылауға арналған зат, құбылыс.. 4. Ерінге түсетін жара. (https://kitap.kz/)</p> <p>2. Әзербайжан: hüquq şəklində 3. Қырғыз: укук түзүү 4. Өзбек: qonun shakli 5. Түрік: hukuk formu 6. Ағылшын: form of law 7. Испан: forma de ley 8. Неміс: Form des Gesetzes 9. Француз: forme de loi</p> <p>10. Бекітілген нұсқасы: форма права – құқық нысаны (2016 жылғы 7 желтоқсан) 11. Сөздіктердегі аудармалары: форма права – құқық нысаны (заңтану) 12. Заңнамадағы қолданысы: форма – нысан; право – құқық 13. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламаларын, салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларын, заңнамадағы қолданыстарына сүйене отырып, «форма права» сөз тіркесінің баламасы ретінде қазақ тілінде «құқық нысаны» сөз тіркесі қолданылуы керек деген тұжырым жасаймыз.</p>
975.	инвентарь	инвентарь, мұкаммал, түгендеме, бұйым-мүлік, құрал-жабдық, құрал-сайман, керек-жарақ	<p>1. Инвентáрь – лат. inventarium – мүлікті тізімдеу. Инвентарь. Зат есім. 1. [латын. inventarium] Қандай да бір заттың тізімі, есебі. Химия кабинетінің құрал-жабдықтары и н в е н т а р ь кітабына жазылады (Химия). 2. Белгілі бір мекеме, ұйымның бұйымдары, құрал, жабдықтары мен мүліктері. Қораның бір жақ кіре берісінде жем және түрлі и н в е н т а р ь л а р қойылатын бөлме қалдырылады (Шопан серігі). 42500 сомның жабдықтары мен и н в е н т а р ь л а р ы сатып алынып, мұның өзі орта және сегізжылдық мектептерге берілді («Қазақстан мұғалімі»). (https://kitap.kz/) Мүкәммал. Зат есім. 1. Көп дүние-мүлік,</p>

казына-байлық. Оның Ақбақайда орыс байларынікіндей мол мүкәммалы, қарағай үйлері бар (Б.Аманшин, Көкжар). Мен оны мүкәммалмен толтырғалы, Өзің көрген жайлауда сиыр сауам (Қ.Ілиясов, Қайран.). Аманат саған қойдым малды, жаным, Билерсің мен өлген соң мүкәммалым (Қисса Шеризат). Сән-тұрманы мүкәммал киілім, Соның үшін сенімен менен артық (Қозы көрпеш – Баян сұлу). Толтырды мүкәммалмен іші-тысын, Ұшырды сандуғаш пен бұлбұл құсын. Бәрін соның түгелдеп бітірген соң, Ырғап-жырғап келеді көру үшін (Мәшһүр-Жүсіп, Шығармалары). (<https://kitap.kz/>)

Құрал-жабдық. Зат есім. 1. Соғысқа қажетті қару-жарақ..Разъезд жанына батыстан бір завод көшіп келіп жатыр. Оның естуі бойынша соғыс құрал-жабдықтары н жасап шығаратын көрінеді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Кейін шекарада болдық. Міндетіміз – шекарашыларға құрал-жабдық, азық-түлік тасу («Лениншіл жас»). 2. Шаруашылық мекемелерге, өндіріс орындарына, оқу орындары мен лабораторияларға қажетті саймандар мен жабдықтар. Ал Астана, Алматы қалаларындағы, сондай-ақ облыс орталықтарындағы бірқатар сайлау учаскелерінде электронды дауыс беруге арналған құрал-жабдықтар орнатылды («Егемен Қазақстан»). Құланбаев мектепке келесі оқу жылына керекті құрал-жабдықтарды қасындағы серігіне жаздырып тізімдеп алды (С.Омаров, Өмір асулары). Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді (С.Қасиманов, Қазақ халық қолөнері). (<https://kitap.kz/>)

Керек-жарақ. Зат есім. 1. Қажетті

нәрселер..Егіс бригадасының бригадирі коммунист Қасымбаев председателге өздерінің керек-жарақтарына саусақпен санап айтып берді (С.Байжанов, Сыр мен сымбат). Солдаттықтан не пайда солар үшін, Бейнет көрмек, не өлмек, шаруа қалмақ. Кәрі әкесі, шешесі күн көре алмас, Жас бала, жас қатыны үйде зарлап. Керек-жарақ бәрі де қымбаттанар, Соғыстың шығындарын елге салмақ (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Шанаға бүкіл керек-жарағын тиеп, үстіне балаларды отырғызып, сиырды бұзауымен тіркеп жолға шықты (М.Жұмағұлов, Қыран қазасы қияда). (<https://kitap.kz/>)

Түгендеме. Зат есім. 1. экономикалық. Субъектінің балансында есептеулі мүліктің бар-жоғын, оның сақталуын және сақталуының дұрыстығын, міндеттемелерді, қаражат алу құқықтарын, қойма шаруашылығының жүргізілуін, есеп деректерінің нақтылығын дүркіндік тексеру. Түгендеме есеп беретін адамдардың қолындағы тауар-материалдық құндылықтардың сақталуын жүйелі түрде бақылау үшін қажет, есеп берушілердің есебі мен жұмысындағы қателіктер мен бұрмалаушылықтарды анықтап, жоюға, табиғи кемудің шамасы мен нормаларын айқындауға, қалдықтарды нақтылауға мүмкіндік береді (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі, Экономика.). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: tətbiq edir
3. Қырғыз: жолу
4. Өзбек: amalga oshiradi
5. Түрік: envanter
6. Ағылшын: inventory
7. Испан: implementos
8. Неміс: implementiert
9. Француз: implémente

			<p>10. Бекітілген нұсқасы: инвентарь – инвентарь, құрал-жабдық (1981); инвентарь – мұқаммал (2000 жылғы 25 қаңтар); инвентаризация – түгендеу (2006 жылғы 27 қазан); инвентарь – құрал-сайман (2006 жылғы 27 қазан); инвентарные карточки – түгендемелік карточкалар (2006 жылғы 27 қазан); опись инвентарная – түгендеу тізімдемесі (2016 жылғы 8 желтоқсан)</p> <p>11. Сөздіктердегі аудармалары: инвентарь – мұқаммал, керек-жарақ; инвентаризация – түгендеу (іс жүргізу); инвентарь – мұқаммал; инвентаризация – мұқаммалдау (заңтану); инвентарь – керек-жарақ, мұқаммал; инвентаризация – түгендеу; стоимость инвентарная – түгендемелік құн (экономика); инвентарь – бұйым-мүлік (жеңіл өнеркәсіп)</p> <p>12. Заңнамадағы қолданысы: инвентарь – инвентарь, мұқаммал</p> <p>13. «Инвентарь» сөзі орыс тіліне латын тілінен (inventarium – «мүлікті тізімдеу») енген.</p> <p>«Инвентарь» сөзі қазақ тіліне «инвентарь», «мұқаммал», «түгендеме», «бұйым-мүлік», «құрал-жабдық», «құрал-сайман», «керек-жарақ» сөздерімен аударылады. Бұл сөздердің бәрі дерлік «Қазақ сөздігінде» жеке реестр сөз ретінде берілген. Аталған сөздердің мағыналарын, бекітілген терминдер сөздігіндегі баламаларын, салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы аудармаларын сараптай келе, «инвентарь» сөзінің қазақ тілінде де сол қалпында қолданылғаны дұрыс деп санаймыз.</p>
976.	подрыв	жару, бүлдіру, нұсқан келтіру, ойсырату	<p>1. Подрыв – 1) «бұзып тастау» (подорвать), «жарылыстан қирау» («подорваться») етістіктерінен туындаған іс-әрекет; 2) күресте қарсыласты тепе-теңдіктен айыратын тәсіл, секіру; «қазу», «қазып тастау» (подрыть, подрыться») етістіктерінен туындаған іс-әрекет</p> <p>https://www.efremova.info/word/podryv.html#.WrsgYNRuaM8</p>

			<p>Ойсырату. Етістік. 1. Күйрету, тас-талқан ету..Мал шаруашылығын орасан ойсыратты (Ғ.Мүсірепов, Суреткер парызы). 2. Күрт төмендету, зардап келтіру..Темір Тоқтамысты 1395 жылы ғана ойсырата жеңді (Д.Досжанов, Құм жұтқан қалалар). (https://kitap.kz/)</p> <p>2. Әзербайжан: sarsıtmaq 3. Қырғыз: шек 4. Өзбек: buzish 5. Түрік: zayıflatmaktadır 6. Ағылшын: undermining 7. Испан: socavar 8. Неміс: Untergrabung 9. Француз: saper 10. Бекітілген нұсқасы: - 11. Сөздіктердегі аудармалары: подрыв безопасности государства – мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру; разведывательно-подрывная деятельность – барлау-бүлдіру әрекеті (іс жүргізу); подрыв – ойсырату; подрывная деятельность – ойсырату әрекеті (заңтану) 12. Заңнамадағы қолданысы: разведывательно-подрывная деятельность – барлау-нұқсан келтіру әрекеті; подрыв – жару 13. Орыс тіліндегі «подрыв» сөзі қазақ тіліне «жару», «бүлдіру», «нұқсан келтіру», «ойсырату» сөздерімен аударылады. Бір сөздің бұлайша бірнеше нұсқада аударылуы қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің семантикалық әлеуетіне, синтаксистік және семантикалық тіркесімділік қабілетіне байланысты.</p>
977.	дубликат	телнұсқа, дубликат	<p>1. Дубликат – лат. duplicatus – екі еселенген. Дубликат – құжаттың, заттың көшірмесі, екінші немесе келесі данасы (https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%82).</p> <p>Дубликат. Зат есім. 1. з а т е с і м. р е с м и. Төлнұсқа (түпнұсқасымен барабар заңды күші</p>

бар белгілі бір құжаттың екінші данасы). Ештеңе етпейді, әрі кеткенде бір сөгіспен д у б л и к а т береді ғой (С.Еркебаев, Алғашқы адым). Мысалы, мемлекеттік тілге там-тұмдап көше бастағанның өзінде іс-қағаздары саласында абзац – азат жол, фраза – еже, оригинал – түпнұсқа, д у б л и к а т – төлнұсқа, текст – мәтін, документ – құжат, таможня – кеден, юстиция - әділет, коррупция – сыбайлас жемқорлық сияқты жүздеген терминдер жасалып, аударылып, тұрақты қолданыла бастады («Жас Алаш»). Құжат жоғалған жағдайда д у б л и к а т беріледі (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика). (<https://kitap.kz/>)

Тел. Сын есім. 1. Екі енені бірдей қатар емген (төл). Жапырағы жайқалып, Бұлғақтайды, соқса жел. Жан-жағынан күркіреп, Құйып жатса аққан сел, Оның малы өзгеден, Өзгеше боп өсер т е л (Абай, Толық жинақ). Екі енені т е л сороды төл ғана көреді дейсің бе (Х.Есенжанов, Көп жыл өткен соң).

2. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Қатар, бірге; тең. Дүниедегі қуаныш, – Бір азғантай жұбаныш. Оның түбі бір налыс, Қайғы мен рахат т е л еді (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Ақындық кеңшілікпен т е л табысқан, Қос өнер – қос қанатым, ел қонысқан. Әрі жар, Әрі сепшіл, Сен ортақсың Менде бар қуат, жігер, ар-намысқа (К.Салықов, Жезкиік). 3. Жылқының бұла өскен, мәпелеп баққан, тай кезіне дейін емген сипаты[осы мағынада тел қоңыр, тел шұбар, тел күрең, тел торы деген атауларды жасайды]. Теңбіл де теңбіл т е л шұбар, Тебінсе аттан тер шығар, Тел құрбың іздеп келгенде Теңселе басып кім шығар (Қара өлең). (<https://kitap.kz/>)

Нұсқа. Зат есім. 1. Бір үлгінің бір-бірінен азын-аулақ ерекшеленетін түрлері. Әлімұлы, байұлы, жетірудың арасында осы өлең көп жайылулы. Біздің қолымызда ел ішінен жиналған осы

өлеңнің бірнеше н ұ с қ а с ы бар. Айтушылардың көбі бірақ Махамбеттің түрлі сөзін қосып шатастырып айтқан. Жетірудың ішінен жиылған нұсқаларда қаталар өте көп, кейбір жерлерінде сөздің негіздерін өзгертіп жіберген (Х.Досмұхамедұлы, Таңдамалы шығармалары). Қалпақтың қазақы, жырық, құйма, керей нұсқа деп аталатын түрлері болған (Ө.Жәнібеков, Қазақ киімі). Киім, тамақ денеден жоқ бір нұсқа, Жылдам кіріп шығады, жылдам тысқа. Маңдайда жалғыз көзі жарқыраған, Тұлымның бірі ұзын, бірі қысқа (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). 2. и н ф о р м а т и к а л ы қ. Бағдарламалық өнімнің бір варианты немесе басқа файлды түрлендіру арқылы алынған файл (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика және компьютерлік техника)..— Олай болса, осы компьютерде қазақша шрифтiнiң 4-5 н ұ с қ а с ы жүргенi қалай («Жас Алаш »). 3. Нұсқалы сөз. Аз сөзде көп мағына деген мысал, Халімді баян етіп жаздым н ұ с қ а. Жамалжан, парасатлу етер фәһім, Бұл сөзім биілтифат қалмас босқа (М.Дулатов, Шығармалары). 4. Үлгі, өнеге; ақыл, кеңес. Ақылдының сөзі қысқа, айта қалса үлгі, н ұ с қ а (Мақал). Саған болсын бұл н ұ с қ а, Бұл нұсқаны берік ұста, Алғырдан туған сұңқарым. Түзелмес заман жайланып, Басқа дәурен айналып, Сонда бізге ерерсің, Не қызықты көрерсің. Кешеден бергі қызмет Еткеніңе рақмет. Қайырлы болсын талабың (М.Дулатов, Шығармалары). 5. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Жол, сызық. Бұл н ұ с қ а н ы ойласаң қылып парық, Милының көкейінде көзі жарық. Ақымақтың белгісі адыр мінез, Білімдінің даңқы зор, өзі ғаріп (Ә.Найманбаев, Шығармалары). Екеуің жігінді ашпай берік тұрсаң, Ұялас төменбісің жолбарыстан.

Мұншалық тәрбиялы тату туып, Япырмау, мінездерің неге ауысқан? «Тірлік күші бірлікпен болады» деп, Сіздерге бірер ауыз айтқан н ұ с қ а м (Ә.Найманбаев, Шығармалары). От пен оттың арасында ұсталар, Ұстахана түтін толы ысталар. Арасында тармақ пенен тармақтың Он сызылған, Жүз сызылған н ұ с қ а бар! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). 6. Ақылды, өнегелі, үлгілі (адам). Көп көрген н ұ с қ а, көп істеген ұста (Мақал). Айтатын әңгіменің ұстасы бар, Адамның үлгі көрген н ұ с қ а с ы бар, Елермей, елеуремей иесін біл, О, халқым, осы айтқан сөз тура шығар (К.Әзірбаев, Шығармалары). 7. к ө н е р г е н с ө з. Тұлға, келбет. Сыйласарлық тектінің Кім танымас н ұ с қ а с ы н? Күнде өзімшіл ептінің Несін адам ұстасын? (Абай, Толық жинақ). Қарағым, бермен кел, Бізге де көңіл бөл. Қалқамның н ұ с қ а с ы н Көр, көзім, бір кенел (Абай, Толық жинақ). Бір түрлі болды н ұ с қ а с ы, Порымы мынау баланың (Алпамыс батыр). 8. [араб.] Белгілі бір заттың ең алғашқы түп негізі, қайталанбас үлгісі. Қазір біз оның н ұ с қ а с ы н көшірме ескерткіш материалдардан ғана көреміз (Жыл он екі ай). Біздің өмірге жетіп отырған ауыз әдебиет н ұ с қ а л а р ы н ы н көбі берірек дәуірлерден келген жұрнақтар сияқты (С.Сейфуллин, Шығармалары). Хафиз, Жәми, Мақтұмқұл, Деп айтад шыққан сөзге дүр Хиуаның түрікпен, сартынан. Солардан қалған соңғыға Үлгілі өрнек нұсқа бар Әр жұрттың, сана-салтынан (Базар жырау, Шығармалары). Шығыс классиктерінің немесе шығыс ауыз әдебиет н ұ с қ а л а р ы н ы н тақырыбы бойынша жазылған қиссалар, хикаялар, дастандар (XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары). 9. Жоба, нобай. Абай Құнанбаевқа военный генерал-губернатор

жаздырған заң н ұ с қ а с ы орта жүзге аңыз болып тарағанды (Т.Әлімқұлов, Шежірелі сахара). Мен мақаламның н ұ с қ а с ы н жазып та қойдым (Т.Ахтанов, Дала сыры). 10. Меңзеу, сілтеп көрсету. Лиза бөлме арқылы өтіп ақырын басып, н ұ с қ а ғ а н орындыққа барып отырды (Қоғамдық тәртіп сақшылары). Кінәлі кісідей төмен қарап, н ұ с қ а ғ а н жеріне Оралхан отыра кетті (Ә.Нұрмаханова, Ұл бала). Көк сиқырын бүгін бір сәт аймағым Көрсеткен соң ұмыттым да қайғы әнін, Кемпірқосақ тұрған тұсты н ұ с қ а д ы м: «Анау тұрған әпкесі, – деп, – Ләйләнің» (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). (<https://kitap.kz/>)

2. Әзербайжан: dublikat

3. Қырғыз: копиясын алуу

4. Өзбек: ikki nusxadagi

5. Түрік: çift

6. Ағылшын: duplicate

7. Испан: duplicar

8. Неміс: duplizieren

9. Француз: dupliquer

10. **Бекітілген нұсқасы:** дубликат – дубликат, екінші нұсқа (1971); дубликат – телнұсқа (2006 жылғы 23 желтоқсан); дубликат – телнұсқа (2010 жылғы 23 желтоқсан); дубликат документа – құжаттың телнұсқасы (2016 жылғы 8 желтоқсан)

11. **Сөздіктердегі аудармалары:** дубликат – телнұсқа (іс жүргізу; экономика); дубликат – телнұсқа, дубликат (заңнама, статистика); дублирование – қайталау; дублирование фильма – фильмге дубляж жасау; дубль – сыңар (іс жүргізу); дублирование с копий нелегального выпуска – заңсыз шығарылған көшірмені қайталау (заңтану); система дублирующей записи – қайталама жазбалар жүйесі (экономика); заявление о выдаче дубликата – телқұжатты беру туралы өтініш (статистика)

12. **Заңнамадағы қолданысы:** дубликат – телнұсқа; дубликат

			<p>13. «Дубликат» сөзі орыс тіліне латын тілінен (duplicatus – «екі еселенген») енген. «Дубликат» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «дубликат», «екінші нұсқа», «телнұсқа» сөздері бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «телнұсқа», «дубликат», «телқұжат» сөздерімен, заңнамада «телнұсқа», «дубликат» сөздерімен аударылған. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы аудармаларын сараптай келе, «дубликат» сөзінің баламасы ретінде қазақ тілінде «тел» және «нұсқа» сөздерінен құралған күрделі «телнұсқа» сөзін қолданған дұрыс деп санаймыз.</p>
978.	ведомость	тізімдеме	<p>1. Ведомость – 1) белгілі бір тәртіпте орналастырылған қандай да бір фактілік деректердің жиынтығы, тізімі; 2) есеп-қисап, сома түрлері көрсетілген қаржылық құжат; 3) көне. сөйлеу. мерзімді баспасөз басылымдары (https://ru.wiktionary.org/wiki/%D0%B2%D0%B5%D0%B4%D0%BE%D0%BC%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C)</p> <p>Ведомость. Зат есім. 1. Белгілі бір есеп-қисап, мәлімет жайындағы тізім. В е д о м о с т а р бухгалтерлік есеп үшін және жұмысшыларға жалақы есептеу үшін документ болып табылады (Қазақстанда етті молайту жолдары). Тоқсан аяқталғанда, оқушылардың в е д о м о с ы н жасау, табельдерін толтыру менің міндетіме айналып кеткелі қашан! (С.Еркебаев, Алғашқы адым). (https://kitap.kz/)</p> <p>Тізімдеме. Зат есім. 1. Бір салаға қатысты заттардың тізімі. (https://kitap.kz/)</p> <p>Жинақтаушы тізімдеме. Тұрақты тіркес.</p> <p>1. э к о н о м и к а л ы қ. Біртекті құжаттардың, объектілердің, мүліктің т.б. тізімі (актілердің, жүкқұжаттардың, төлем талаптарының, т.б. тізілімі); бухгалтерлік есеп пен шаруашылық операцияларды көрсету жүйесінің бір бөлігі. (https://kitap.kz/)</p>

Төлем тізімдемесі. Тұрақты тіркес. 1. қ а р ж ы т е р м и н і. Жұмысшылар мен қызметшілерге жалақы, сыйақы, еңбекке жарамсыздығына байланысты жәрдемақы немесе басқа да төлемдер беруге арналған бухгалтерлік кассалық құжат (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі, Экономика.).

2. Әзербайжан: şərhdə

3. Қырғыз: барак

4. Өзбек: bayonot

5. Түрік: tabaka

6. Ағылшын: statement

7. Испан: declaración

8. Неміс: Aussage

9. Француз: déclaration

10. **Бекітілген нұсқасы:** ведомость – тізімдеме (2006 жылғы 27 қазан); оборотная ведомость – айналым тізімдемесі (2006 жылғы 27 қазан); сопроводительная ведомость – ілеспе тізімдеме (2016 жылғы 8 желтоқсан); ведомость платежная – төлем тізімдемесі, төлем ведомосы (2016 жылғы 8 желтоқсан); тізімдеме – опись (1999 жылғы 6 қазан); тізімдеме – каталог (2000 жылғы 25 қаңтар); архивная опись – архивтік тізімдеме (2016 жылғы 8 желтоқсан)

11. **Сөздіктердегі аудармалары:** ведомость – ведомость, тізімдеме (іс жүргізу); ведомость – тізімдеме (заңтану); ведомость – ведомость (экономика; статистика); тізімдеме – опись (іс жүргізу), тізімдеме – перечень (педагогика); тізімдеме – картотека (экономика); тізімдеме – номенклатура (статистика)

12. **Заңнамадағы қолданысы:** ведомость – ведомость; тізімдеме – перечень, опись

13. **«Ведомость»** сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «тізімдеме», «ведомость» сөздерімен, ал «тізімдеме» сөзі «опись» және «каталог» сөздерінің баламасы ретінде бекітілген. Салалық терминологиялық сөздіктерде «ведомость» сөзі «тізімдеме»,

			«ведомость» сөздерімен, «тізімдеме» сөзі «опись», «перечень», «катотека», «номенклатура» сөздерімен, ал заңнамада «ведомость» сөзі «ведомость» сөзімен, «тізімдеме» сөзі «опись», «перечень» сөздерімен аударылған. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы аудармаларын сараптай келе, «ведомость» сөзінің қазақ тілінде де сол қалпында қолданылуын құптаймыз.
979.	террорист	терроршы, террорист, лаңкес	<p>1. Террор – лат. terror – «қорқыныш, үрей, сұмдық».</p> <p>Террорист. Зат есім. 1. Террорлық әрекетті қолдаушы, лаңкесші. Қазіргі жағдайларда т е р р о р и с т е р аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады (Саяси түсіндірме сөздік). (https://kitap.kz/)</p> <p>Терроршы. Зат есім. 1. Лаңкес (террорлық іс-әрекетті жүзеге асыруға қатысушы адам). Қазір Вашингтон екі т е р р о р ш ы н ы ұстау үшін Қытай жерінде жедел шараларды өткізуді сұрап, Пекинге қолқа салып жатқан көрінеді-міс («Жас Алаш»). (https://kitap.kz/)</p> <p>Лаңкес. Зат есім. 1. қ о ғ а м д ы қ-с а я с и. <латын. terror> Лаңкестік актіге қатысушы, қолдау көрсетуші. Жарылыс салдарынан концертке келген 11 адам мен аталған қос л а ң к е с тіл тартпай кетті («Егемен Қазақстан»). Сәтін салғанда, бұл л а ң к е с т е р емес, жай әншейін дүниеге ең бай мұнайлы елдің королі Фахд, яғни толық атымен атасақ Фахд ибн Әбдел әл Сауд болып шықты («Парасат»). Экстремистік пиғылдағы шетелдік радиотелеарналар да әлемдегі бұрқ еткен әрбір дүмпулер мен қақтығыстарды «Ислам экстремизміне», «Ислам л а ң к е с т е р і н е» телуді дағдыға айналдырғаны соншалық, тіпті</p>

			<p>бұған әдеттегі әңгімедей құлағымыз да үйрене бастағандай («Парасат»). (https://kitap.kz/)</p> <p>2. Өзбекбайжан: terrorist 3. Қырғыз: террорчу 4. Өзбек: terrorist 5. Түрік: terörist 6. Ағылшын: terrorist 7. Испан: terrorista 8. Неміс: Terrorist 9. Француз: terroriste 10. Бекітілген нұсқасы: террористическая деятельность – террорлық әрекет (2004 жылғы 16 қараша); террористическая акция – террористік акция (2016 жылғы 7 желтоқсан); антитеррористическая операция – терроризмге қарсы операция (2016 жылғы 7 желтоқсан) 11. Сөздіктердегі аудармалары: террорист – лаңкес (заңнама); террористические преступления – террористік қылмыстар (іс жүргізу); формирование антитеррористическое – лаңкестікке қарсы құралым (іс жүргізу) 12. Заңнамадағы қолданысы: террористический акт – лаңкестік әрекет; террористическая деятельность – террористік іс-әрекет 13. «Террор» сөзі орыс тіліне латын тілінен_ (terror – «қорқыныш, үрей, сұмдық») енген. «Террор» сөзі қазақ тіліне «терроршы», «террорист», «лаңкес» сөздерімен аударылады. Аталған бұл үш сөз де «Қазақ сөздігінде» жеке реестр сөз ретінде берілген. Бекітілген терминдер сөздігіне, салалық терминологиялық сөздіктерге, заңнамаға сүйене отырып және терминологиялық бірізділікті сақтау мақсатында «терроист» сөзінің баламасы ретінде қазақ тілінде «терроршы» сөзі қолданылуы керек деген тұжырым жасаймыз.</p>
980.	террористический акт	террорлық акт, террористік әрекет,	<p>1. Террор – лат. terror – қорқыныш, үрей, сұмдық. Террорлық іс-әрекеттер. Тұрақты тіркес. 1. Террорлық сипаттағы қылмыстарды жасауға</p>

		<p>лаңкестік акт, лаңкестік әрекет</p>	<p>бағытталған және төменде аталған әрекеттердің кез келгенін қамтитын іс-әрекет. Т е р р о р л ы қ і с-ә р е к е т т е р терроршылдық идеологиясын тарату; террорлық акцияларды ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау және жасау; террорлық акцияларды жасауға айдап салу, террорлық мақсатта зорлық-зомбылық жасауға шақыру (Заң терминдерінің қазақша-орысша анықтамалық сөздігі). (https://kitap.kz/)</p> <p>Террористік. Сын есім. 1. Террорлық әрекетке байланысты. 1901-1902 жылдарда әскерлер бірқатар т е р р о р и с т і к акт жасады, атап айтқанда, патшаның екі министрін өлтірді (КПСС тарихы). Т е р р о р и с т і к әрекеттер қашан да жариялық түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады (Саяси түсіндірме сөздік). (https://kitap.kz/)</p> <p>Акт. Зат есім. 1. Мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар қаулы-қарар. 2. Белгілі бір шындықты, оқиғаны растайтын құжат. Ақшаның жартысын өзіне қалдырып, қалған жартысына а к т жасады. А к т і г е айыпты тағы екі куә қол қойды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Авария болған күннің ертеңінде әлгі шофер бейшараны түрмеге отырғызбақ болып, милиционерлер а к т жасап алып кетіпті (Ә.Нұршайықов, Жомарт өлке). Төбелескен екі жігітті Ахмет акт жасап, бес жылдан бергізіп, айдатып жібереді (Т.Нұртазин, Мұрат). 3. ө н е р т а н у. Драмалық шығармалар немесе театр қойылымдарының аяқталған бір бөлігі; бөлім. Көрушілердің көзінше а к т арасында шымылдықты жаппай, сахнаны өзгертетін Мейерхольд театрының дәстүрінше, Мұқан біздің көзімізше киімін қағып, сілкіп, галстугін байлап, шашын тарап, өзін тәртіпке келтірді (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Қазақ театрында М.О.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пен«Қарагөз» трагедиялары төрт, ал «Тас</p>
--	--	--	---

		<p>түлек» пьесасы бес а к т і г е бөлінген (ҚҰЭ). 4. [латын. actus] Болған оқиға, болған әрекет. Жастардың некесі – қоғамдық маңызы бар а к т («Қазақ әдебиеті»). 1941 жылы 22 июньде фашистік Германия шабуыл жасады. Бұл опасыздық а к т шабуыл жасаспау туралы совет-герман договорының болуына қарамастан жасалған еді («Социалистік Қазақстан»). (https://kitap.kz/)</p> <p>2. Әзербайжан: terror aktı 3. Қырғыз: террористтик акт 4. Өзбек: terroristik harakat 5. Түрік: terör eylemi 6. Ағылшын: terrorist act 7. Испан: acto terrorista 8. Неміс: terroristische Handlung 9. Француз: acte terroriste 10. Бекітілген нұсқасы: террористическая деятельность – террорлық әрекет (2004 жылғы 16 қараша); террористическая акция – террористік акция (2016 жылғы 7 желтоқсан); антитеррористическая операция – терроризмге қарсы операция (2016 жылғы 7 желтоқсан) 11. Сөздіктердегі аудармалары: террористический акт – лаңкестік акт (заңтану); террористические акты и преступления – террорлық әрекеттер мен қылмыстар (мәдениет) 12. Заңнамадағы қолданысы: террористический акт – лаңкестік әрекет 13. «Террор» сөзі орыс тіліне латын тілінен_ (terror – «қорқыныш, үрей, сұмдық») енген. «Террористический акт» сөз тіркесі «террорлық акт», «террористік әрекет», «лаңкестік акт», «лаңкестік әрекет» сөз тіркестерімен аударылады. Бекітілген терминдер сөздігіндегі баламасын, салалық терминологиялық сөздіктердегі және заңнамадағы аудармаларын сараптай келе, «террористический акт» сөз тіркесі қазақ тіліне «террорлық акт» сөз тіркесімен аударылуы</p>
--	--	--

			қажет деп санаймыз.
